- 12 Rudnev V.A. *Soviet holidays, ceremonies, rituals*, Leningrad: Lenizdat, 1979, 206 p.

А.Асанканов¹, А.Б.Қалыш², Ә.И.Исаева³

¹Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университеті, Бішкек;

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы;

³Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы
(E-mail: kalysh_@mail.ru)

Еліміздегі оралмандардың бейімделу мәселелері хақында

Мақалада келесі мәселелер қарастырылған: репатрианттардың әлеуметтік, физикалық жағдайларда өз уақыттарын игеруі және шекараларын ұлғайтуы, оларды белгілі бір кезеңдерге координациялау жүйесін құру және осы бағыттарға, кезеңдерге өздерін ғана бейімделіп қана қоймай, туған-туыс пен өскелең ұрпаққа да бағыт-бағдар бере білу. Сонымен қатар Қазақстан Республикасына оралған қандастарымыздың, немесе отандастарымыздың, басым көпшілігінің мамандық бойынша жұмысқа орналаса алмауы, олардың жағдайы кәсіби миграцияға дейінгідей болмауы. Алайда жоғарыда аталған деректер оралмандар тарапынан өздерін жоғары ұстауы және бағалауы жайында күәлік етеді, дегенмен жергілікті халықтың ұстанымы мен көзқарасына бұл фактілер сәйкес емес және қарама-қайшы келеді, сондай-ақ бұл жағдайлар әлеуметтік-экономикалық, күрделі моральдік, мәдени келеңсіздіктерге түрлі деңгейлердегі (әкімшілік, құқық қорғау органдары) қоныстанған соң ұрындыруы ықтимал — әрине, оралмандар тарапынан жергілікті тұрғындармен немесе халықтар арасында кәсіби тәжірибе мен білімді салыстыра келгенде Қазақстан Республикасымен тыс жерде жинақталған тәжірибе мен білімде алшақтық жоқ деген пікір қалыптасқан. Осы ерекшеліктер байланысын ескеру тек оралмандарға ғана тиесілі емес, сондай-ақ қызығушылық тудырған мемлекеттік мекемелер мен ұжымдарға келеңсіз жағдайлардан өту жолында және Қазақстан қоғамына сәтті интеграциялануына мұрындық болуы тиіс.

Кілт сөздер: оралмандар, репатрианттар, бейімделу, интеграция, әлеуметтік уақыт, дәстүрлі білік институттары.

Тәуелсіз Қазақстан дамуындағы шынайылық түрлі топтарымен, әлеуметтік-экономикалық үрдістегі темпоральды кіріктірмеге тікелей қатысы бар мәртебесіндегі тұрғындар, этникалық репатрианттармен түсіндіріледі. Репатрианттардың бейімделуі мәселесі мемлекет пен қоғамға экономикалық, әлеуметтік тұрғыда айтарлықтай қаражат шығындауына әкеледі. Этникалық репатрианттардың бейімделу мен қоғамға сіңісу үрдісінің уақытша мәселелерінің өтпелі (кезеңдері мен деңгейіне байланысты) кезеңі терең зерттеуді қажет етеді.

Уақытты талқылауға ғылыми-философиялық көзқарастар оның тек астрономиялық, биологиялық және физика-химиялық үрдіс емес әлеуметтік уақыттың көпқырлы ұстанымдарын енгізеді. Талдап қорытқанда, ол адамдардың белгілі кезеңдегі әлеуметтік белсенділігін, әлеуметтік уақыт айтарлықтай сандық және сапалық өзгерістер болған жағдайда, қоғамдағы үрдістердің келесі ағымын өзгерте алатын ерекшелік ретінде түсіндіріледі. Дербес әлеуметтік уақыт, Н. Элиастың анықтауы бойынша, «адамдардың болған өзгерістердің нәтижелерін бірі екіншісінің есептік тұрақты бастауы ретінде кірісе алатын екі оқиғаны байланыстыра білу қабілетіне» негізделеді [1]. Әлеуметтік уақыт объективті түрде субъекттелген, яғни адам өмірі қоғамда орын алып отырған жағдайларға тікелей байланысты болады, бірақ олар қызметтері арқылы басқара алады және өз мүдделеріне сай болып жатқан үрдістерді түсіндіреді немесе бағалай алады. Әлеуметтік уақыттың сыртқы шеңбері ортаға байланысты беріледі, ал ішкі шеңбер нақты оқиғаларды бағалаудан тұрады. Адамдар өз уақытын логикалық ойлау деңгейіне, қиялына қарай кезеңдерге бөле отырып, қоғамның жалпы өмірінің қалыбына сай байланыстырады.

Француздық «Анналар» мектебінің өкілдерінің бірі Ф. Бродельдің пайымдауынша, «әлеуметтік уақыттың біртұтас және қарапайым ағыммен ешқандай тұтастығы жоқ, бірақ дәстүрлі тарих және уақыт шежірелеріне (хроникаға) айтарлықтай байланысы жоқ мыңдаған баяулығы бар әлеуметтік уақыт бар» [2]. Ф. Бродель адамзат тарихының тұтастығын, бірлігін, үздіксіздігін білдіретін идеяны «longue duree» ұғымын «ұзақ ұзындық» ретінде енгізді. Әлеуметтік уақыт бір уақытта ұжымдық және дербес бола алады. Адамдар ұжымдық уақытты өздерінің өмірлік қиын-қыстау кезеңдеріне қарамай қабылдайды және рәміздермен, құндылықтармен, өз уақыттарын ұйымдастыру қабілеттерімен түсіндіреді, нәтижесінде осыны болашақ оқиғаларға алмастырады және арқау етеді.

Біз қазіргі Қазақстан қоғамының ажырамас және құрамдас бөлігі болып табылатын этникалық репатрианттардың (Шымкент маңайында өмір сүретін Өзбекстаннан келген репатрианттар мысалында) әлеуметтік және ұжымдық уақытының қандай кезеңдер (өткен жолдардан) мен элементтерден құралатынын қарастырамыз [3]. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

- 1) әлеуметтік және ұжымдық уақыт арасындағы жалғамалы ұстанымдардың табиғатын айқындау;
- 2) әлеуметтік уақыттың негізгі белгілі уақыттың ішінде орындалуын немесе кезеңдерін және олардың репатрианттар үшін мәндік маңыздылығын бөлу;
- 3) Шымкент маңында тұратын, Өзбекстаннан келген репатрианттардың уақыт кезеңдеріндегі ортақтық және ерекшеліктерін түсіндіру;
- 4) репатрианттардың өмір сүріп отырған кезеңдегі өткен мен болашақ арасын жалғастыратын бағыттық дәлелдерін анықтау;
- 5) репатрианттардың өмірлік өлшемдері мен құндылықтарын саптау.

Сонымен қатар баяндамада репатрианттардың әлеуметтік, қимыл-әрекеттік, өзіндік уақытты қалай пайдалантындығын, оның шекарасын кеңейте аламы, оны белгілі бер кезеңдерге бөле ма, әр кезеңдерде оны жылдамдатады ма, өзі үшін ғана емес туыстары, өскелең ұрпақ осыған қарап болжам жасай алатындай әрбір кезеңде үйлестік жүйесін қалыптастыратындығын қарастырады. Әлеуметтік жүйеде қалыптасқан репатриант болашақта қиыншылықтарды жеңе білу үшін «қайта келгеннен байырғы кезеңге дейін» деген қозғалыс бағытының кестесін құрады, өзіндік «жол картасын» жасайды. Репатрианттардың әлеуметтік уақытының ішкі құрылымы қандай және оны жаңа қоғамның осы кезеңінде өзінің этникалығын саналы түрде сезіну немесе соның бір бөлшегі болып табылатын өздері, ішкі қоршаған айналасындағылар — топтар қандай деңгейде анықтайды.

Этникалық репатрианттардың әлеуметтік уақыт мәселесінің зерттелуінің теоретикалық-әдістемелік негіздері. Уақыттың ішкі өлшемдеріне деген қызығушылық (физикалық немесе астрономиялық ерекшелікте) зерттеушілер тарапынан XIX ғ. аяғында пайда болды және бірте-бірте психологиялық тұрғыда (тұлғаның жеке факторлары — оның белсенділігінің және қозғалысының табиғаты, көңіл-күйі немесе қобалжуы) немесе әлеуметтік түсіндірілген бірқатар бағыттар қалыптасты. Бізді өмір сүріп отырған кезеңін топтың немесе жеке тұлғаның әлеуметтік факторлар: әлеуметтік-мәдени уақытының шарттық көрінуі, айналысатын әрекеті мен өмірлік қызметі арқылы анықталатын ұжымдық уақытша тәртіп және тәжірибе деп қарастыратын әлеуметтік тәсіл қызықтырады [4].

А. Бергсон тең аралыққа бөлінбейтін уақыттың «ішкі» немесе «ұзақ мерзімді» сапалық және сан қырлы түсінігін енгізді [5]. Р. Мертон топпен бірігудің маңыздылығын анықтауда уақытша кезеңнің топтық бірлік қалыптастырудағы маңыздылығын көрсетті [6].

«Анналар» француздық мектебі тарихи және әлеуметтік уақыт, кеңістік мәселесін зерттеудің бірқатар бағыттарын ұсынды. Ф. Бродельдің «әр түрлі жылдамдықтағы әлеуметтік уақыт» теориясы бойынша уақыттың бірнеше түрлері: 1) жеке тұлғаның күнделікті өмір ырғағымен өлшемдес; 2) экономикалық өмір бөлшегі үшін тән емес; 3) «үлкен ұзақтықтағы» — адамзат тарихын оны қоршаған ортамен бірге қарастыратын түрлері беріледі [2].

Сонымен қатар «Анналар» мектебі тарихи фактілерді қайта қарауда оқиғаны адамдардың ішкі жағдайды қалай түсінуіне байланысты істейтін арнайы әрекеті деп түсіндіру арқылы қарастыратын жаңа тәсіл ұсынды [7].

М. Хальбвакс уақытты ұжымдық деп анықтай отырып, уақытты қабылдаудың белгілі бір әлеуметтік топқа (мысалы, айналысатын ісіне қарай) немесе тарихи жағдайға (төңкерістік немесе қалыпты жағдайдағы) тәуелділігіне ерекше көңіл бөлді [8].

Адам уақытта және кеңістікте өмір сүріп қана қоймайды, өзіндік сезімдерден тұратын алаңдау және елестетуден/үлгілерді әлеуметтік, мәдени, жеке уақытта өмір сүреді. Дәл осы арқылы өзінің сыртқы әлем туралы пікірін қалыптастырып, белгілі бір мақсатқа жету үшін нақ осыдан бастау алған, бір жағынан, өзгермейтін болып есептелген, бірақ жағдайды бағалау мен өз мүмкіндіктеріне орай стратегиясы мен тактикасын құрады.

Өзбекстаннан келген репатрианттардың кеңістіктік-уақыттық континуумының ерекшеліктері. Өзбекстаннан келген қазақтар Оңтүстік Қазақстанда өмір сүретін оралман тұрғындардың ең көп тобын құрайды. Қолайлы климат, бір қарағанға, отбасын асырауға экономикалық мүмкіндіктердің молдығы репатрианттардың тұрғылықты мекен етіп, Оңтүстік

Қазақстан жерін таңдауға себеп болады. Және бұл Отанға деген ыстық ықылас белгілі бір жерге байланысты емес деп түсіндіріледі.

2012 ж. басындағы статистикалық мәліметтерде аталмыш жылдың бастапқы айларында облыс аумағы халықтардың қоныс аударуының жоғары тығыздығымен ерекшеленеді (1 шаршы метрге 22 адамнан келеді). Шымкент қаласы мен оған жақын елді мекендердегі тұрғындар саны Өзбекстаннан келген сыртқы миграция есебінен жедел өсуде [9].

Өзбекстаннан келген репатрианттар төмендегідей ерекшеліктерімен ерекшеленеді:

а) сыртқы-кеңістіктік және уақытша оқшаулану — қаланың өзінде «Асар» ықшам ауданында және Шымкентке іргелес елді мекендерде өмірлік-әлеуметтік-экономикалық және этномәдени алаңды біртіндеп өзгеріске түсіре отырып тығыз шоғырланған;

ә) мемлекеттік әкімшілік құрылымға бейімделген, басқарудың дәстүрлі әкімшілік құрылымындағы ақсақалдардың ұйымдастырушылық-бағыттаушылық жетекшілігімен, ішкі-отбасылық туыстық негізде, әлеуметтік-экономикалық және этномәдени аймақты құру, аз қалыптасқан әлеуметтік қауымдастықтарды (өзіндік көше, тұрғылықты мекенжайына байланысты көршілік қауым және жастық-жыныстық ерекшеліктерге байланысты топтар) құруымен ерекшеленеді. Қауымдастықтардың қызметінің әдістері бытыраңқы өзін-өзі басқарудан (көрші тұратын бірнеше отбасы) көшбасшысы бар қатынас жүйеге өтетін және жергілікті әкімшіліктің бір бөлігі болып табылатын ішкі құрылым құру шарттарымен өзгеріп отырады. Бұл Өзбекстаннан келген репатрианттар өмір сүретін барлық елді мекендердегі белсенді жұмыс істейтін ақсақалдар кеңесі (ақсақал кеңесі, апалар кеңесі, ардагерлердің кеңесі, билер кеңесі). «Асар» ықшам ауданындағы Өзбекстаннан келген репатрианттар қазақстандық қоғамға бейімделу мен бірегейленуде барлық ішкі үрдістер механизмін бақылап отыратын институттар құру арқылы топтық үлгі жасап шығарды.

Баяндаманың негізгі өзегі — Оңтүстік Қазақстан облысындағы облыс орталығына жақын үш елді мекендерге орналасқан, Шымкент қаласындағы «Асар» ықшам ауданындағы және бұрынғы саяжайлық елді мекендер — Бозарық, Шұбарсу жерлеріндегі Өзбекстаннан келген репатрианттардың өмір тарихына сараптама (әлеуметтік уақыт қызметін анықтау мақсатында) жасау болып табылады.

«Асар» ықшам ауданы, Бозарық және Шұбарсу елді мекендеріне қарағанда, өмір сүрудің әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан (жергілікті тұрғындар тарапынан мемлекеттік қолдауымен, «Ақ Ордасы» корпорациясы құрған) айтарлықтай ерекшеленеді. Елді мекен тұрғындары (Өзбекстанның түрлі аудандарынан келген этникалық қазақтар) мезгілдік өмір сүруге арналған саяжайды әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымы жетілген тұрақты мекен ету аймағына айналдыруда этномәдени құндылықтарды сақтап, өткенді қазіргі кезеңмен, болашақпен ұштастыруда. «Асар» ықшам ауданында асарлық жастар мен тұрғындардың жарқын болашағына арналған әлеуметтік-экономикалық кластерлер — зауыттар, жылу шаруашылықтары, әлеуметтік-мәдени құрылымдар құрылды.

Бозарық және Шұбарсу тұрғындары тұрғылықты және маусымдық жұмыс орнымен қамтылуда қиындықтарға жолығып отыр, қосымша жалақы көздерін іздеумен айналысуға мәжбүр, ауыл шаруашылығымен айналысу ісінде және мал жайылымының жетіспеуі сынды қиыншылықтарды бастан кешіп отыр. Олардың сөздеріне сенсек, уақытша бос тұрған жерлерге иелері мал жаюға тыйым салған, тіпті шөпті өртеп жібереді. Елді мекеннің жас және жұмысқа жарамды тұрғындары Шымкентте кездейсоқ ақша табу ісімен, өте төмен еңбек ақыға жұмыс істеуге мәжбүр. Аталған адамдардың басым бөлігінің жоғарғы білім туралы дипломы бола тұра, оралман мәртебесіне сәйкес жұмысқа орналаса алмайды. Шұбарсу елді мекенінің бір тұрғыны, Өзбекстандағы бір колхоздың бұрынғы төрағасы, бүгінде ауыл ақсақалының «өз балаларымыз өз Отанымызда құл болады деп ойламағанбыз» деп қынжыла айтқанын ауыл ақсақалдары да қоштаған.

Демографиялық және әлеуметтік-экономикалық салада елді мекендердің даму жағдайы біркелкі емес, 2012 ж. «Асар» тұрғындарының саны 18 мың және Шұбарсу тұрғындарының саны 32 мың болған. Сондықтанда елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымы мемлекеттің араласуын қажет етеді. Дегенмен репатрианттардың бір жерде ұжымдасып өмір сүруі уақыт өте келе бұл бірліктің жаңаша түсіндірілуіне, яғни туған жерлері болған ел немесе Өзбекстан аймақтарына қарай емес, «Асардың адамдары» (сол арқылы әлеуметтік-мәдени жағдайдың мүлде басқа деңгейде екендігін көрсету үшін) немесе «Бозарықтың адамдары» атты этнотерриториялық бірегейліктің өтпелі түрінің қалыптасуына әкелді. Этникалық ұғым әлеуметтік шынайылық ретінде түсіндіріліп, пайдаланыла басталды. Енді жаңа бірегейлік қазақстандық шек деңгейінде емес, оралмандар

арасында әлеуметтік-экономикалық қолайлы аудандарда тұратындардың менсінбеушілік көзқарасы тұрғысынан түсіндіріле бастайды. Бозарықтағы біздің сауалнамамызға жауап бергендер ішінде (жасы 30-дан асқан жұбайлардың екеуі де) өз жетістіктерін Қазақстан ішінде көшумен байланыстырған — Өзбекстаннан Петропавловскіге (ондағы туыстары жайлы орналасқан және бұларға көмектесуге уәде берген), содан кейін Шымкент түбіндегі Славянқаға (Мұзкентке), кейін Леңгірге көшу арқылы (барлық аталған жерлерде жалдамалы пәтерлерде тұрып, ақша жинау арқылы) Шұбарсуда жер телімін алып, Бозарықта қаладан жақын жерден дүкен соғып алғандықтарын айтқан. Аталған территориялық көшулер бас-аяғы 10 жылдың ішінде орын алған және бұл отбасы үшін аталған кезең әлеуметтік дамудың жылдам көрсеткіші деп есептелеген.

«Асар» тұрғындары ықшам аудан тарихын 2002 ж. Өзбекстанның үш облысы ақсақалдарының Қазақстандағы Шымкент аумағына бейімделу шарттары туралы қабылданған шешімімен кезеңдей отыра қарастырады. 2012 ж. мамыр айында Асар тұрғындары осы шешімнің 10 жылдық мерейтойын және өткен жылдардың қиыншылықтарының — елді мекенді құру, қаржы тапшылығы, жайлы жылыжайлары бар коттедждерде өмір сүру үшін инфрақұрылым жолдарын қарастырудағы қиыншылықтарды еңсеріп, осындай жарқын күндерге қол жеткізгендерін атап өтті. Мерекелі іс-шара басында «аңсағаным, Асарым, қолым жетті арманым, атамыздың арманына» деген жыр-шумақтарына толы «Асар» әнұраны орындалды. Әнұран мәтіні одан әрі «мәңгі жыр, көзім тоймайды жеріме, гауһарысын жайнаған, ата қоныс» сынды өлең жолдарымен өрілді. Негізгі күш «Ақ Орда» корпорациясының президенті И. Қалибековке жүктелді, ол «асарлықтар болу үшін» өз уақытының 60 % жұмсады, қалған 40 % ықшам аудан құрылысына және оның әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымына жұмсады. Өз сөзінде аталған мерекелік іс-шара тек салтанатты мереке ғана емес, қол жеткізілген табыстарға есеп, болашаққа жоспар жасау үшін болып жатқан бас қосу деп атап өтеді. Өсу көрсеткіштері ретінде қысқа уақыт ішінде атқарылған жұмыстар нәтижесі паш етілді. Оның пікірі бойынша, «асарлықтар» қол жеткізген табыстар басқа репатрианттарға бастау болуы тиіс.

Осылайша, Шымкент аумағындағы өмірлік кеңістіктерді игеру кезеңінде оралмандар жалпы әлеуметтік уақытқа сәйкес келмейтін уақыттың бағасын бағамдау үлгісін құрды, ол өзіндік кезеңдерден, тапсырмалар жылдамдығынан, оқиғаның ұзақтығы мен кезектілігінен, белгілі даталардан және оларды түсінуден тұрды. Мысалы, «Асар» тұрғындары Өзбекстаннан көшу туралы шешім қабылданғаннан 1 Мамыр мерекесіне дейін деген өзіндік институционалдық ырғақ қалыптастырды.

Уақыттық бағдарлаудың кезектілігі байқалады — «Асар» тұрғындары үшін бұл жаңа мектеп құрылысын, ықшам аудан орталығында саябақ салу немесе Елбасының жергілікті халықпен кездесуі және экономикалық қатынастарда — жылыжайлардағы өнімді жинау, ал Шұбарсу тұрғындары үшін — бұл отбасын асырау мақсатында маусымдық жұмыс іздеуден тұрды. Оралмандар үшін жалпыға бірдей уақыт өлшемі жоқ — ол кей жағдайларда жергілікті және республикалық мүдделермен ұштасып жатады. Өткенге, қазіргі кезеңге және болашаққа деген жалпыға бірдей басымдықтар жоқ. Уақыттық болжауда да үйлесушілік жоқ — елді мекен тұрғындары өмірдің барлық саласына біртектес емес жағымды немесе жағымсыз мән береді (істеу керек еді, істеу керек, істеуге тиісті). Елді мекен тұрғындарының күнделікті күн тәртібі де сәйкес келе бермейді, себебі елді мекен тұрғындары жексенбі күндері де жұмыс іздеумен шұғылданады.

Кез келген уақыттың бірегейлігі адамның ерекшелігіне байланысты және біз сұрастырған респонденттердің көңіл-күйі мен уайым-қайғыны бастан кешу сияқты психологиялық терминдермен нақтылана түседі:

- асыға күту (қашан Өзбекстаннан немесе басқа елді мекеннен көшіп кетеміз, үй құрылысын аяқтаймыз, несиемізді қашан өтеп боламыз, отбасында бір мерейлі іс-шара ұйымдастырамыз ба — үйлену тойы, ас беру және т.б.);
- ыза болушылық (мемлекеттік мекемелерден қажетті қаражатты ала алмауға байланысты — жәрдемақы, жергілікті әкімшілік орындарындағы жемқорлық, оралман болғаны үшін жұмысқа орналаса алмауы, Өзбекстанда жоғары мемлекеттік орындарда істегеніне қарамастан, зейнетақы мөлшерінің аздығы, Бозарық және Шұбарсу елді мекендері тұрғындары үшін

қаржының әділ бөлінбеуі, олардың айтуынша, «Асарлықтарға» қаржыландыру ісіне көбірек көңіл бөлінеді);

- қуаныш (көшу, қаржы қорын жинақтау, жақындарымен кездесу, отбасын құру және сәбидің өмірге келуі, балаларының белгілі бір жетістіктерге қол жеткізуі);
- сенімділік (бәріде артта қалады, ата-баба өсиетін орындап, Отанымызғы оралуымыз қажет, көшіп келеміз деп бекер шешім қабылдаған жоқпыз, барлық қиыншылықтарды артта қалдырамыз және өз жерімізде, өз елімізде өмір сүріп отырмыз ғой, артқа қарайтын жол жоқ, үй салу керек және бала-шағамызды жеткізу қажет, әлеуметтік сатымен өсу тиіс).

Адам көңіл-күйін жете түсіну қиын. Дегенмен біз сұрастырған респонденттер арасында Қазақстанға көшіп келгендеріне өкінген жан кездестірмедік. Біз сұрастырған респонденттер үшін ол өткенінде кім болғаны, қайдан көшіп келгені, білімі, кәсіби жетістігі, қоғамдағы беделі маңызды емес. Көшіп келгенге дейінгі материалдық жағдайлары жаңа орында табысты орналасуға, үй алуға үлкен көмек болды деп есептейді. Дегенмен, ерекше айта кететін жайт, оралман-әйелдер аса қымбат жиһаздар (диван, техника) көрсетумен ерекшеленбеді, өздеріне тиесілі кем дегенде 2 бөлмедегі сандық, таудай болып жиылған көрпе-төсекті көрсетті. Оны «мынау менің енемнен қалған, мынаны өзім жидым» деп көрсетумен болды. Отбасының жылдар бойғы тарихи айғағы өткен мен қазіргі кезеңнің алтын көпірі іспеттес фотосуреттерде жиылған. Біздің респонденттер фотосуреттерін көрсете отырып, эмоцияға беріліп, толқыды. Бұл суреттер өмірлеріндегі асты сызылған кезеңдер айғағы. Онда отбасы тарихын електен өткізер мереке уақыты және орны сақталған. Естелік күнтізбесі фото/видео арқылы артта қалған қиыншылықтар дәлелі болып табылады. Ол жас ұрпақ тарапынан отбасылық-туыстық қолдау көрсету үшін де қажет.

Әлеуметтік уақыт ұрғағы жеке адамға төмендегідей ықпал етеді:

- топқа қатыстылығы жөніндегі сезім қалыптастыру және белгілі бір мақсатты жүзеге асыруға;
- өзгелерден артта қалмауға — оны оған өз уақыт шеңберінде жүзеге асыруға, кейінде ол мақсатқа жетелеуге;
- өз өмірінің сыртқы қалпын қалыптастыруға, әрине, бұл топтан жырақ өте қиын, сондықтан топпен байланыста болуға;
- қол жеткізілген жетістіктерді бағалау арқылы өмірге мән беру;
- адамды топ, халық, ел болашағының тұтқасы ретінде тарихқа енгізу, осы және болашақтың қиыншылықтарын аластатуға;
- күнделікті өмірді әлеуметтік-мәндік іс-қимылдардың алгоритмі ретінде мен бәрін істей аламын, олар маған қарап тұр және мені бағалайды, менің ұтылуға құжым жоқ, мен Отанға оралуды аңсаған ата-баба алдындағы борышымды өтеуге тиіспін деп түсіндіруге;
- адам қимылының әлеуметтік қызметін бақылауға;
- қарым-қатынас жүйесін және қызмет түрлерін қалыптастыруға;
- өмірлік құндылықтарды дұрыс түсінуге және келер ұрпаққа өмір сүрудің баға жетпес тәжірибесі ретінде құнды пайымдау жүйесін жасауға көмектеседі;
- өз іс-әрекетін бақылау арқылы сыртқы әлемге ашылу шегін қалыптастыруға.

Репатрианттармен әлеуметтік уақытты әлеуметтік-мәдени транзит ретінде түсіндіру.

1990 жж. басынан бастап жүргізілген этникалық қазақтардың репатриациясы еліміздің саяси-құқықтық жүйесі тарапынан құрылған репатрианттардың мәдени транзиті, нәтижесінде қазақ халқының санасына икемдеудің әлеуметтік-экономикалық «дәлізі» болып табылады. Этникалық (қазақтық) репатриацияның қазақстандық тәсілі — мемлекеттендіру, мемлекеттік маңызы бар мәселелерді мекемелердің құзырына бермеу. Қазақстан үкіметі «қазақстандық» ұғымын территориялық бірегейлік (азаматтық, ұлттық) ретінде мақсатты түрде күнделікті өмір тәжірибесіне енгізуде. Қазақстандық биліктің міндеті — этникалық топтардың және репатрианттардың, қалыптасып келе жатқан диаспоралық санада азаматтық қоғам құру мақсатында партикуляристік сұранымының дұрыс шешімін табу. Сондықтанда репатрианттар өз бастарындағы қиыншылықтарды қазақстандық қоғам тұрғысынан ұғынуы қажет. Жұмыссыздық, ауыр әлеуметтік-тұрмыстық жағдай, аймақтар дамуының әрқелкілігі, шенеуніктердің біршама тобының сауатсыздығы, жемқорлық және тамыр-таныстық (түрлі жолдармен) — бұл біздің еліміздің барлық тұрғындары кездестіріп отырған шындық. Ел азаматы бола тұрып, ондай мәселелерді білмеуі мүмкін емес.

Дегенмен репатрианттар бұл үрдістің белсенді қатысушылары болып отыр және өздері жалпы уақытты бөлшектеп өз мәртебесін көтеру ісінде сапалы «секіріс» жасауға сандық өзгерістерге темпоралды ерекшелік туғызып отыр. Мұның айқын көрсеткіші репатрианттар тарапынан енгізіліп отырылған әлеуметтік уақыт құрылымы өлшеміндегі, тарихи маңызы бар — 1 Мамыр, 9 Мамыр, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу (31 мамыр) сияқты қазақстандық мерекелерді (Қазақстан билігі түсінігіндегі) өзбекстандық саяси тәртіп ерекшеліктеріне байланысты ерекше күндер деп санамауы.

Адам тәжірибесіндегі әлеуметтік-мәдени үлгінің кез келген түрі (соның ішінде уақыт өлшемі) — ол жалпы мәдени қағидаларға сәйкес менталдық өңдеуден өткен саналы әрекет. Біз сауалнама алған респонденттер үшін мұндай әрекеттер қатарына әлемнің негіздері және мәңгілік деп есептелетін ата-бабадан қалған өсиеттер және діни ілімнің ұстанымдары жатады. Оның өзегі бұлжымай орындалуға тиіс және қоғамда тұрақтылық қалыптастыруға әлеуметтік ақиқатты ортақ ережелерге сай емес, сіңірген еңбегіне орай қамтамасыз ететін рулық, тайпалық құрылымдағы рәміздерде, білімнің қағидаттарында, шежіреде, әлеуметтік шарттар мен тәжірибеде көрініс тапқан. Әулиелер мен ата-баба рухы — біздің респонденттер үшін ұрпақтар сабақтастығы және атамекенге қоныс аударудың негізгі себебі.

Өзбекстан жерінде қазақтардың мекен еткен территорияларының бірқатары ата-баба жерленген әулиелі жерлер деп есептеліп, мал шаруашылығы мен егін шаруашылығына пайдаланылмады. Өзбек билігінің қазақтарды осы жерлерге қарай «ығыстыруы» Қазақстанға көшуге бірден-бір себеп болды.

Қазақ ауылдарында молдалар ұдайы болмады, сондықтан оның қызметінің бірқатарын ру/тайпаның басшысы орындады, яғни әлеуметтік-саяси бақылау рухани істермен ұштастырылды. Ақсақал беделінің мойындалуы ұрпақтардың ата-бабаға құрмет заңдылығының мәңгілік ережесінің сақталуы болып табылады. Біз сұрастырған барлық респонденттер сөзінен шығатын қорытынды қарапайым тұрғындар мен басшылық арасында «тіршілік» идеясының көрінбейтін желісінің бар екендігі. Біз «тіршілік» ұғымын қазақтар тұрмысындағы адамзат тарапынан жасалатын құнды-құштарлық жағдайын түсіндіретін уақыттан тыс әмбебап дәрежесі деп түсіндіреміз. Ол тұрмыстың барлық түрлері мен деңгейінде кездеседі — материалдық қызмет, әлеуметтік-мәдени тәжірибе, жеке моральдық-психологиялық эволюцияда — дамудың өзіндік қарапайымнан күрделіге қарай бағытына қызмет етеді. Қазақтардың тілдік қорында «тіршілік» ұғымын түсіндіретін — «еті тірі адам», «өлі-тірі», «тірі жан», «тіршілік жасау» және т.б. көптеген ұғымдар бар. Қиын жағдайға қарамастан, репатрианттар қаржылық шығыны көп: баланың өмірге келуі, үйлену тойы және барлық құдандаласу ырымдарын, өмірлік жастық рәсімдер — сүндетке отырғызу, бір жастан келесі жасқа өту рәсімі, жерлеу және еске алу сынды барлық іс-шараларды атап өтеді. Бұған ата-баба, замандастар және келешек т.б. жеткіншектерде кіреді. Уақытты шарттық-тәжірибемен ұштастырсақ, «салт-дәстүр және жора-жоралғы» — тұрмыстық ұйымдасу түрлерінің байланысы.

Репатриация және миграциядан кейінгі кезең мәдени бейімделудің бірнеше кезеңдерінен тұрады: «мәдени шошындан» бастап жаңа жағдайды өзінше талдаудың үлгісі мен әлеуметтік-мәдени кеңістікте қарым-қатынас жолдарын қалыптастырудың субъективті түрде байыптау. Бұл көбінде когнитивтік құрылым қызметінің ерекшелігіне байланысты: санасыз қарым-қатынас, топқа мүшелік пен тәртіптің бұлдыр ара-қатынасын орнатуға, осыған дейінгі тәжірибе адамның алынған ақпаратты қабылдауына, көруіне, түсіндіруіне, сақтауына және оны пайдалануына ықпал етеді. Бастан кешкен моральды-психологиялық қиыншылықтарды когнитивті қабылдау өзінің моральдық азап шегуінен, күрделі моральдық соққылар туралы әңгімелерінен, тұрмысты философиялық тұрғыдан қорытуларынан, бірге сезініп, бірге бастан кешіруінен, мигранттардың жаңа толқыны үшін және өскелең ұрпақты баға жетпес өмірлік тәжірибе мен әлеуметтік капитал ретінде ұжымдық тәжірибе түрлерін іздену бағыттарынан және бағалануынан байқалады. Бірақ этномәдениеттің негізі өзгеріссіз қалады.

Алдын ала берілетін бірқатар қорытындылар. Біздің респонденттер әлеуметтік уақытты бөле отырып, әлеуметтік капиталды құра отырып, оның ерекшеліктерін төмендегідей жағдайлардан көреді:

- жеке бастық ерекшеліктерде — көшіп келгенге дейін қандай еді, неге дәл сол уақытта шешім қабылдадық деген сезімдер мен қобалжулардан;

- ұстамдылықтың жоғарғы үлгілерінде, жанның тұрақтылығында, мақсат қоя білуден, өзіне деген сенімділіктен және мақсатқа жету жолынан таймаудан — ең жоқ дегенде балаларына білім алуға немесе отбасының жағдайының жақсы болуына, немесе саясаткерлер — саяси-әкімшілік құрылымның бір мүшесі болу және сыртқы істер министрлігінде қызмет атқару немесе мемлекеттік құрылымдарда, немесе саяси партияларға қызмет етуден;
- отбасы беделінің ұрпақтар есінде сақталуы үшін және қауымдастықтағы жоғарғы беделін құруда әлеуметтік коммуникация мен әлеуметтік капиталдың қордалануында — өздерінің жеткен жетістіктерімен бөліседі және өзгелерден жақсы пікірлер алады.

Репатрианттар өздері қолдайтындай өткен оқиғалар естеліктерден тұрады және бірнеше кезеңді қамтиды — жаңа жағдайға бой үйрету (климат, тұрғын үй, тамақ, су және т.б.), уақытша бейімделу, қауіпті шешімдер мен оның бағасы, оны еңсерудің жолдары және кезеңін бейімделу. Психологиялық тұрғыдан олар ең алдымен шошынуды бастан кешеді, ешкімге керек емес, қайтып кету қалауының болуы, тіпті елге, туысқандарға деген сағыныштан өзге, осы қиыншылықтарға тап болғанға дейінгі кезеңге деген аңсау орын алады, кейін бірте-бірте ақиқатпен келісе бастайды, бейімделуді бастан кешіп, бірегейлікке бой ұрады.

Сауалнамаға алынғандардың көбі кәсіби қажетсіздікті баса айтты. Мамандықтарына сәйкес жұмыс таба алмайтындықтарын, көшіп келгенге дейінгі әлеуметтік-саяси беделдерін қайтара алмайтындықтарын айтты. Бұл көшіп келгеннен кейінгі өздерін жоғары бағалауға ұрындырып, жергілікті жердегі халықтардың оларды қабылдауына деген наразылықтарын тудырады және күрделі моральдық және мәдени соққыға әкеледі, түрлі түсініспеушілікке бой ұрады (әкімшілік, тәртіп сақтау орындарымен). Репатрианттар Қазақстаннан тыс жерлерде алған білімдері мен іс-тәжірибелерінің жергілікті еңбек нарқындағы, жұмыс бершілер арасындағы алшақтықты мойындағылары келмейді. Өздерін жоғары санатты маман ретінде санайды.

Шымкент маңына Өзбекстаннан көшіп келген репатрианттар мәселесін түсіндірудегі уақыт жылдамдығы мен кескінінде жаңа қоғамға бейімделу мен бірегейлену үрдісінің өзіндік кезеңденуі бар. Оның толысуы репатрианттардың өзіне байланысты, дегенмен репатрианттардың бейімделу қауіп-қатерінің азаюы үшін мемлекет тарапынан бағдарлама қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Elias N.* Time: an Essay. — Oxford: Blackwell, 1992. — 260 p.
- 2 *Braudel F.* Ecrits sur l'histoire. — Paris: Flammarion; Collection Science, 1969. — 315 p.
- 3 Авторлардың ел арасынан жинаған мәліметтері. Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, наурыз-мамыр 2012 ж.
- 4 *Гуссерл Е.* Феноменология внутреннего времени. — М.: Гнозис, 1994. — 218 с.
- 5 *Бергсон А.* Опыт о непосредственных данных сознания: собр. соч. — Т. 1. — М.: Московский клуб, 1992. — 422 с.
- 6 *Merton R.* Social time: A Methodological and Functional Analysis // *The American Journal of Sociology.* — 1937. — Vol. 42. — Iss. 5. — P. 615–629.
- 7 *Блок М.* Апология истории, или ремесло историка. — М.: Наука, 1986. — 282 с.
- 8 *Хальбвакс М.* Коллективная и историческая память // *Неприкосновенный запас.* — 2005. — № 2, 3. — С. 22–28.
- 9 Агентство РК по статистике. — 2011. — [ЭР]. Режим доступа: <http://www.resurs.kz/catalog/stat>

А.Асанканов, А.Б.Калыш, А.И.Исаева

Проблема адаптации оралманов в Казахстане

Авторами рассмотрены проблемы, связанные с адаптацией репатриантов, которые дорого обходятся государству и обществу как в экономическом, так и в социально-культурном плане. Сквозная (по этапам и уровням) временная идентификация проблем настоятельно требует изучения. В статье рассмотрено, как репатрианты овладевают социальным, физическим и своим временем. Обращено внимание и на то, что многие прибывшие в Республику Казахстан говорят об их профессиональной невостребованности, так как не могут получить работу по специальности и занимать то социально-экономическое положение, которое у них было до миграции. Как отмечено авторами, репатрианты не признают, что существует большой разрыв между их профессиональным опытом и знаниями, полученными за пределами Казахстана, и потребностями как местного рынка труда, так и предпочтениями работодателей. Учет указанных особенностей должен помочь как репатриантам, так и заинтересованным государственным органам и учреждениям в преодолении имеющихся рисков и недостатков с целью успешной интеграции в казахстанское сообщество.

A.Asankanov, A.B.Kalysh, A.I.Isayeva

Problem of adaptation oralman in Kazakhstan

The problems associated with adapting of the immigrants are costly to the state and society, both economically and socio-culturally. Through (by stages and levels) temporary identification of problems of adaptation and integration of ethnic immigrants urgently requires study. Social time objective and subjective, ie people's lives depend on what happens in society, but they can control their activities and to interpret what is happening in terms of their interests or evaluation of the processes. Social time is both collective and individual. People interpret collective events through the prism of their vicissitudes of life, produce and exchange symbols, values and ways of organizing their time, and because of this change and the groundwork for further developments. Furthermore, the report looks at how repatriates acquire social, physical, and their time — extend its boundaries, divide it into certain stages, accelerate it be and how at each stage form a coordinate system on which we must focus not only to themselves but also to other — family, the younger generation. Drawn attention to the fact that a significant portion of our compatriots who arrived in the Republic of Kazakhstan, talk about their professional unclaimed, because they cannot get a job in their specialty and occupy the socio-economic situation, which they had in the past, prior to migration. Repatriates do not recognize that there is a large gap between their professional experience and knowledge gained outside of Kazakhstan, and the needs of the local labor market as well as the preferences of employers. Incorporation of these features should help not only them — repatriates, but also to relevant authorities and institutions in overcoming the existing risks and deficiencies in the successful integration into the community of Kazakhstan.

References

- 1 Elias N. *Time: an Essay*, Oxford: Blackwell, 1992, 260 p.
- 2 Braudel F. *Ecrits sur l'histoire*, Paris: Flammarion, Collection Science, 1969, 315 p.
- 3 Polevy materialy avtorov Uzhno-Kazahstanskaya oblast, Shimkent, mart-may 2012.
- 4 Gusserl E. *Fenomenologiya vnutrennego soznaniya vremeni*, Moscow: Gnozis, 1994, 218 p.
- 5 Bergson A. *Essay on the immediate data of consciousness: collected works*, 1, Moscow: Moscow club, 1992, 422 p.
- 6 Merton R. *The American Journal of Sociology*, 1937, 42, 5, p. 615–629.
- 7 Blok M. *Apology history or craft of the historian*, Moscow: Nauka, 1986, 282 p.
- 8 Halbvaks M. *Emergency ration*, 2005, 2–3, p. 22–28.
- 9 *Agency RK on Statistics*, 2011, [ER]. Access mode: <http://www.resurs.kz/catalog/stat>

Б.А. Досова¹, Г.М. Байгожина², М.Т. Баймуканова¹

¹Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова;

²Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза
(E-mail: gulnara_2007@mail.ru)

Методологический потенциал истории повседневности по оценкам представителей российской историографии

Статья посвящена анализу методологических основ одного из современных направлений в исторической науке — истории повседневности. Авторами сделана попытка проанализировать достижения представителей российской историографии в определении концептуальных и методологических основ истории повседневности. В результате анализа научной проблематики статьи авторы приходят к выводу, что работы российских авторов в целом положительно оценивают эвристические способности нового методологического подхода при изучении повседневной жизни социума и отдельно взятого человека.

Ключевые слова: история, история повседневности, синергетика, методология, эпистемология, методы исторического исследования.

Современная методология науки отдает приоритет в исследованиях человеческому фактору, который выдвигает на первый план роль исторической науки. Современному историку необходимо изменить свои методологические принципы и ориентации, так как от этого зависит результат внедрения в историческую науку современного научного мышления, основанного на признании многовариантности окружающего мира и роли человека как неотделимого объекта исследования.

Стремление к обновлению методологического фундамента заставляет все интенсивнее использовать в научном познании современные направления, основанные на идеях постнеклассической науки. Одним из таких направлений является история повседневности (everyday life history), интерес к которому в последние годы проявляется в казахстанской исторической науке [1]. История повседневности изучает обыденный мир обычных людей и поэтому в корне отличается от методологических подходов советской исторической науки, которая за историческими событиями не замечала обыкновенного «маленького» человека. Это принципиально новая научная картина мира, предлагающая «очеловеченную» реконструкцию прошлого. «В исторической науке становится все более заметной тенденция к «антропологизации», что связано с ростом интереса к отдельному человеку, как главному компоненту социального организма. Повседневная жизнь людей не только является отражением социальных, экономических, политических, культурных процессов, но и оказывает обратное воздействие на общество. Изучение и анализ этого взаимодействия позволят отразить разнообразие исторического процесса, изменить фокус оценки прошедших событий», — считают З.Г. Сактаганова и К.К. Абдрахманова [2; 6]. В русском языке синонимы слова «повседневность» — будничность, ежедневность, обыденность — указывают на то, что все, что относится к повседневному, — привычно, «ничем не примечательно, имеет место изо дня в день» [3; 162].

В данной статье мы попытаемся представить общие тенденции в анализе методологических преимуществ нового научного направления, указанные в современных работах российских авторов, посвященных раскрытию сути истории повседневности. В результате исследования были изучены работы таких российских авторов, как Н.Л. Пушкарева [4], Н.Н. Козлова [5], И.В. Нарский [6]; М.М. Кром [7], О.В. Гавришина [8], А.В. Бабаева [9] и другие.

В частности, Н.Л. Пушкарева считает, что истории повседневности — «это отрасль исторического знания, предметом изучения которой является сфера человеческой обыденности в ее историко-культурных, политико-событийных, этнических и конфессиональных контекстах» [4]. Н.Л. Пушкарева считает, что категория повседневного включает «событийную область публичной повседневной жизни, прежде всего, мелкие частные события, пути приспособления людей к событиям внешнего мира; обстоятельства частной, личной домашней жизни, быт в самом широком смысле; эмоциональную сторону событий и явлений, переживание обыденных фактов и бытовых обстоятельств отдельными людьми и группами людей; отделяя «историю повседневного» в жизни простых и великих людей от «истории неповседневного», к последнему обычно склонны (вслед за

Н. Элиасом) относить: праздники, точнее, праздничное и небудничное в обыденной жизни — если оно, конечно, не разыгрывается по одному и тому же, повторяющемуся сценарию — тогда даже праздники (как что-то необычное, яркое, неповторимое) «оповседневливаются», рутинизируются; нечто чрезвычайное и значимо-событийное (но уже переживание События в повседневности, последствия того, что оно случилось, — относится к повседневному); разнообразные, в особенности — необычные формы отдыха и праздности в противовес обыденной работе, труду; жизнь необычных людей, необычный образ жизни, который никем не повторяется, могут быть описаны как повседневье этих чудаков, но какие-либо обобщения невозможны» [10].

Рассуждая о методах изучения истории повседневности, Н.Л. Пушкарева пишет о том, что «для этого направления свойственно особое отношение к источнику. «Повседневноведы» отказываются от все еще распространенной в отечественной историографии установки («Тексты способны говорить сами за себя»), превращающей исторический текст в подробное описание источника. Для анализа повседневности характерно иное вчитывание в текст источника, попытки проникнуть в его внутренние смыслы, учет недоговоренного и случайно прорвавшегося. Историк, ставящий задачу реконструировать с помощью сохранившихся источников «типичное» для определенного времени и определенной социальной группы, старается выяснить мотивацию действий всех исторических акторов и через это приблизиться к их пониманию. При этом специалисты по истории повседневности отказываются выступать в роли объективного судьи прошлого, или, как это любят они повторять, отказываются от желания встать «над» источником и над его автором. Вместо этого они ведут «диалог» с источником, пользуясь теми приемами, которые в состоянии обеспечить этот диалог, ставят перед текстом вопросы, которые его составитель или автор сами бы никогда не поставили, поскольку вопросы эти рождены современным состоянием научных знаний» [10].

Б.Т. Гатаева историю повседневности рассматривает в качестве системы практических знаний, включающих в себя определенное знание норм этикета, общепринятого в данной социальной среде, и направленных для достижения той или иной цели [11]. И.В. Нарский считает, что методологический подход истории повседневности «обосновывает необходимость изучения и социальных структур, и их восприятия современниками во взаимодействии и взаимовлиянии, она предполагает и сложную историческую аргументацию, и совместимость описания с высоким уровнем теоретичности. Сама повседневность рассматривается в таком случае как место пересечения «объективного» и «субъективного» и определяется как «культурно оформленное взаимодействие действий и интерпретаций «действительности»», специфичное для различных слоев, на которое решающее влияние все же оказывали и оказывают материальные условия и их изменения» [5; 22]. Ю.А. Поляков считает, что «история повседневности — это сумма миллиардов судеб людей, живущих в далеком и близком минувшем, имеющих как общие, глобальные черты, так и специфические, региональные, национальные, наконец, индивидуальные. Задача — обрисовать их образ в историческом разрезе, выявляя общее и особенное, неизменное, сохраняющееся столетиями, и новое, ежедневно рождаемое буднями» [12; 125]. По мнению А.В. Курьяновича, «история повседневности не ограничивается привычной констатацией — для нее важно выявить сложную эволюцию и логику развития внутреннего мира человека — этого средоточия человеческой специфики, активности, индивидуальности и мотивации его деятельности, рассмотреть возможности, движущие силы тенденции самосовершенствования (упадка человека), а также характер сотворенного им своего бытия, то есть реконструировать повседневную жизнь» [13; 37].

Анализ работ российских авторов дал нам возможность выявить мнения авторов о методологии истории повседневности. Предметом изучения истории повседневности является обыденная жизнь человека в различных контекстах — исторических, политических, экономических, культурных и т.д. Данное научное направление изучает реальность, рассказанную самими людьми, поэтому они в какой-то степени субъективны. Эвристическая ценность истории повседневности заключается в том, что она дает возможность изучать общество без оторванности от индивида, так как эти объекты исследования взаимосвязаны. Методологические установки истории повседневности помогают рассматривать окружающий мир как переплетение разных практик — труда и познания, воспитания и нравственности и т.п. Одним из фундаментов истории повседневности выступает этнометодология, т.е. социология обыденной жизни, направленная на изучение поведения человека в обществе и анализ социальных правил и табу, процесса их формирования, интерпретация людьми поведения друг друга. История повседневности воссоздает историю в ее целостности, так как «дорисовывает» общую картину прошлого. История повседневности ставит своей целью выявление некоего «кода», который не-

изменно присутствует в формах быта данной историко-культурной общности. История повседневности изучает влияние менталитета на образ жизни человека. Ментальность повседневной жизни людей связана с общими представлениями, страхами, тревогами, позволяющих использовать такой методологический подход, отличный от привычного описания материального мира и составляющих его объектов, вещей, нравов. Яркой характеристикой исследовательских подходов в истории повседневности является ее междисциплинарность (методологическая связь с этнологией, социологией и психологией). Методология истории повседневности основана на признании отличия современного человека от его предшественника и поэтому основное внимание уделяет изучению этих отличий, а это уже путь к постижению механизма социопсихологических метаморфоз.

Исследователи, изучая основы микроисторического подхода в рамках истории повседневности, пришли к определенным выводам. Микроистория дает возможность истории повседневности изучать отдельно взятого рядового человека — носителя повседневных интересов. Микроистория изучает случайное, являющееся одним из важных пунктов для работы по воссозданию социальных идентичностей, которые, в свою очередь, возникают и разрушаются в процессе функционирования сети взаимоотношений. Микроисторический подход в исследовании повседневности дает возможность обратить внимание на частные судьбы людей. Микроистория важна для истории повседневности тем, что дает возможность апробировать различные методики изучения несостоявшихся возможностей. Микроисторический подход отвел источникам личного происхождения особое место, тем самым помогая понять степень свободы индивида в заданных исторических обстоятельствах. Одной из важных задач микроистории является исследование вопроса о способах жизни и выживания людей в экстремальных условиях. Микроисторики обращают внимание на анализ переходных эпох, нежели периодов стагнации и стабильности, так как именно в эти периоды человек раскрывает свою сущность.

Российские авторы считают, что существует проблема в выработке единой методологической и источниковедческой базы в истории повседневности. А.С. Сенявский предлагает учитывать микро- и макроподходы, а также стремиться составлять матрицы, наложенные друг на друга, — это социально-экономические отношения, различные ценности, структурные элементы материального мира, социальные дифференциации, культурные образцы и т.д. [14].

По мнению авторов, одну из важных ролей для создания истории повседневности играют архивные материалы, которые объединяют макро- и микроуровень исследования, и это позволяет создать представление о материальной и бытовой жизни людей, а также сделать выводы о некоторой индивидуальности людских жизненных историй. Например, в качестве примера можно взять одну из составляющих повседневной жизни населения Карагандинской области в советский период — это досуг. Под составляющими элементами макроуровня, к примеру, можно определить, прежде всего, общеисторические условия развития социальных, политических и культурных приоритетов советского государства в исследуемый период. Микроуровень — «субъективное» восприятие жителей области своего досуга и его интерпретация. В частности, различного рода исторические исследования дают нам информацию о том, что в послевоенные годы досуг сельских жителей был ограничен. В отличие от городских жителей они не имели возможности, например, регулярно посещать сельский клуб для просмотра фильмов, так как фильмы привозили в определенные дни. Вот, например, в фондах Государственного архива Карагандинской области имеется справка от 8 января 1955 г. о состоянии культурного обслуживания населения на участках отгонного животноводства, написанная начальником Облуправления культуры А. Есмухамбетовым. Из справки мы узнаем, что кинофильмы для работников отгонного животноводства демонстрируют не реже одного раза в месяц. За период с июля по сентябрь 1954 г. животноводы на участках «Белодымская дача» и «Карасор» Осакаровского района просмотрели кинофильмы «Свадьба с приданным», «Высокая награда», «Дети партизана», «Поэма о любви», «Школа мужества» и другие. Также демонстрировались и киножурналы «Новости сельского хозяйства» и короткометражные сельскохозяйственные фильмы. Одновременно организовывались лекции и беседы для животноводов. Например, для животноводов отгона Акбастау Тельманского района зам. председателем исполкома райсовета Мулдагалиевым была прочитана пропагандистская лекция «Решения февральско-мартовского пленума ЦК КПСС — боевая задача дальнейшего развития сельского хозяйства». Отгонных животноводов «баловали» не только фильмами и лекциями, но и, как видно из справки, впервые в 1954 г. к труженикам отгонного участка Боша-куль Улутауского района выехали театральные артисты Казахского областного драмтеатра со спектаклями «Гулден дала» и «Алдар Косе». Одним из характерных моментов в системе культурно-просветительской работы середины 1950-х гг. было функционирование так называемых красных юрт не только в поселках, но и

Есім хан билігі тұсында күнделікті көшпелі тұрмыстағы даулы мәселелерді шешуде, азаматтық, қылмыстық істерді қарауда, әскери-отбасылық қарым-қатынастарда «ата-баба жолы» басшылыққа алынды. Есім хан ғасырлар бойы сұрыпталып, орныққан осынау жол-жоралғы, әдет-ғұрып жосындарын өз заманының әскери-саяси және әлеуметтік қажеттіліктеріне орай жетілдіріп жүйелеген.

Ресей деректерінде [10; 440, 441] Есім ханның тұсында қазақ халқы арасындағы жеті атаға дейін некеге тұрмау тәртібі заңдастырылғаны туралы айтылады.

Есім хан Қасым ханға ұқсауға, көшпелі мәдениетті тұрақтандыру жолындағы оның саясатын басшылыққа алуға тырысты. Есім ханның осы бағыттағы істері, бастамалары мен басқару тетіктері көшпелілер тарапынан кең қолдауға ие болды. Олар ұрпақтан ұрпаққа жетіп, «Есім ханның ескі жолы» деген атпен үлгілі қоғамдық модель ретінде орнықты.

Дау шешіп, төрелік айту құзыретін иеленген би-қазылардың оны білуі міндетті саналған. «Есім ханның ескі жолы» заңдары мазмұнына қарай «Құн дауы», «Жер дауы», «Жесір дауы», «Мал дауы» секілді күрделі тараулардан құралған [11; 31–33]:

1. Ежелден-ақ қазақ қоғамындағы күрделі даулардың бірі — кісі өлімі. Кісі өлімі үшін құн алынған. Есім хан шығарған арнайы заң бойынша өлген кісіге өлтіруші жақ құн төлеуге міндетті. «Ер адамның құнына жүз жылқы, алты жақсы (6 түйе)» кесілген.

Әйел адамның құны, «Есім ханның ескі заңы» бойынша, қалың малдың шамасы бойынша өлшенген.

2. Қазақ қоғамындағы екінші бір үлкен дауы — жесір дауы. «Жесір» деген сөз әйел жынысының ерсіз бос отырған жігіне тән атау. Есім ханның заңы бойынша, жесірге сол рудан адам таңдауына рұқсат етіледі. «Егер таңдаған адамы бас тартса, онда әйелдің басы босап, қалыңмалы қайтарылады.

3. Қазақ қоғамында мал-мүлік дауы да ерекше орын алған. Қазақ үшін байлық — мал. Малдың еті, сүті — тамақ та; жүні, терісі — киім; мал қазаққа көшсе — көлігі, мінсе — жүйрігі, яғни малсыз тірлік жоқ. Сондықтан да Есім хан ұрыларға аяушылықпен қарамаған.

Ұрланған аяқты мал үшін ұрыдан ол малдың көзі қайтарылады, көзі жоқ болып кетсе, оның орнына тұрарлық төлеуі алынады. Оның үстіне бір қара ұрланғанның айыбына — «ауыздықсыз ат, астарсыз шапан», он қараға дейін — қосымша «ат-тон» кесілген.

4. Есім ханның шығарған заңында жер-су, жайлау-қыстау, көшу-қону қоныстары туралы болып тұратын күрделі дау-жанжалдарды шешуге белгіленген заңның жол-жобалары бар. Жер-су, жайылым, ата-қоныс мекеніне иелік ету үшін талапкерге қойылатын салт-сана заңдарының түрлі шартты сұрақтары мен қажетті белгілері көрсетілген. Олар: талапкердің ата-анасының салынған қабірі, қойылған құлпытасы, қазылған арық, егілген егіннің атыз жаптары, құрылған шығырдың орны, орылған қырманның ізі, соғылған бөгеттің қалдығы, қазылған құдықтың орны, малдың қысқы көңі, қойдың күзгі түнегі, тұрғызылған қарақшы, үйілген омақа белгі, тігілген ағаш, егілген бақша, салынған там, соғылған аз-бар қора, салынған шеген, қазылған ошақтың орны т.б.

5. Есім хан заңында мұрагерлік, мирасқорлықтың мал мөлшері анық айтылған. Мирасқорлыққа бөлінетін мал-мүліктердің бөліну мөлшері: туған ұлдарына — екі еседен, туған қыздарына, баласыз әйелдеріне — бір еседен, өгей балаларына — жарты еседен, есігінде еншілес болып жүрген құлы яки күңі болса — ширек еседен сыбаға тиісті.

6. «Есім ханның ескі жолындағы» қызға төленетін қалыңмалдың кесімді мөлшері бес түрлі болған. Олар:

- «Жүз қырықтың қалыңы» — жүз қой, қырық қара деген кесім байлар мен билердің қызының қалыңы.
- «Жүз жиырманьың қалыңы» — жүз қой, жиырма қара деген кесім одан кейінгі орташа қызының қалыңы.
- «Қырық жетінің қалыңы» — жеті қара, қырық қой деген кесім (байлардың, билердің «қатын үстіне» алатын кедейлердің қыздарына төленетін қалыңы).
- «Он екі қараң — «дөңгелек қалың» (қатыны өлгендердің кедейдің қызын айттырғанда төлейтін қалыңы).
- «Сегіз қараң» — (жарлы-кедейлердің бір-бірімен құда болып қызын айттырғанда төлейтін қалыңы).

Әйел құны да осы кесімге орай шешіліп отырған.

Сонымен, Есім хан заңдарының мәні — ғасырлар бойында қазақ көшпелі қоғамында қалыптасқан көшпелілер өмірінің қатаң жағдайларына бейімделген дәстүрлі әдет-ғұрып пен құқықтық тәртіпті жандандыру, нығайту.

Жиёмбет жыраудың қысқаша өмірбаяны

Есім ханның заң шығарушы билері болған. Жалпы, Шыңғыс хан заманынан бері билердің алқасы 12 адамнан тұрған. Сол билер қатарында Есім ханның жақын кеңесшісі Жиёмбет те болған.

Жиёмбет — Есім ханның әскербасы батырларының бірі, әрі жорықшы жырауы. Сонымен бірге Жиёмбет, ел аузынан алынған тарихи әңгімелерге және өз шығармаларындағы кейбір сөздерге қарағанда, заманының ірі феодалы, мемлекет істерінде үлкен рөл атқарып отырған қабырғалы биі.

Жыраудың өмірбаяны, қай жылы туып, қай жылы өлгендігі жайында нақты деректер жоқ. Тек біздің заманымызға жеткен шығармаларындағы кейбір сәттерден, халық жадында сақталған әңгіме, жырлардан, ескі шежірелерден жырау жайында біраз мәлімет ала аламыз.


Көрнекті ғалым, профессор Х. Сүйіншәлиев өзінің белгілі оқулығында былай деп жазады: «Жиёмбеттің өмір сүрген кезі — Есім ханның тұсы. Оның әкесінің аты әр деректе әр түрлі аталады: Біртоғаш, Бортоғаш, Мұфтоғаш. Біздіңше, дұрысы ел есінде сақталған — Мұфтоғаш болса керек...

Ол Кіші жүз, он екі ата Байұлының бір атасынан. Мұфтоғаштан Жиёмбетпен бірге Жолымбет, Ахмет деген ұлдар туған. Туып-өскен жері — қазіргі Орал облысы, Тайпақ ауданы. Негізгі мекені — Байбарақ, Байшерек деген жерлер. Қыстауы — Жайық жағасындағы Есім төбесі. Жаз Жиёмбет ауылы Жем-Сағыз бойын жағалай жайлаған.

Ел аңызы бойынша, Жиёмбет Ителіне айдалады. Есім өлген соң ол еліне келіп, 1680 жж. шамасында, тоқсанның үстіне шығып өлген» [12; 290, 291].

Белгілі жазушы және әдебиет зерттеушісі М. Мағауин Жиёмбет жырау туралы біраз мәлімет береді: «Бортоғашұлы Жиёмбет жырау Алшын руынан, көшпенділердің әскери аристократиясынан шыққан. Алшындар тек қазақ хандығында ғана емес, басқа Орта Азия хандықтарында да мемлекеттің тірегі, әскери күші болғаны мәлім. Самарқанд Регистанындағы Шері-Дар медресесі мен Тіллә-кари мешітін салғызған атақты Жалаңтөс баһадүр да осы Алшын руынан-тын...

Қазақ ССР Ғылым академиясының орталық кітапханасының қолжазба қорында сақталған шежірелердің біразынан Жиёмбеттің атын ұшыратамыз. Солардың бірінде (№ 1115) Жиёмбет жайында мынандай мәлімет бар.



Тағы бір шежіреде Жиёмбет — «Кіші жүздің ескіде өткен аузы дуалы биі» делінеді.

Тананың ұраны — Жиёмбет. Атақты Сырым батыр да жауға шапқанда өз атасы Жиёмбеттің атын атап шапқан» [13; 66, 67].

М. Неталиев «Кіші жүз шежіресі» атты тарихи-этнографиялық зерттеуінде Жиёмбет жыраудың ата-тегін былайша таратады: «Сұлтансықтың бұл атасынан (Тана руы туралы) 2 бала: Шаңқан мен

Біртуғаш туған (Біртуғаштың аты Біртоғаш болуы да мүмкін). Тана — негізінен жеті-баулы Тана деп аталады. Оның себебі түсінікті: Шаңқаннан 3 бала: Қалқаман, Жақсыгелді, Тойлан. Ал Біртоғаштан — Ақымбет, Жиёмбет, Қараман, Әдік — 4 бала, барлығы 7 ұрпақ тарайды екен. Осыны өз атасының шежіресіне қоса жаздырған Берқайыр Аманшин былайша өрбітті: Танадан — Жиёмбет, Ақымбет, Қалқаман, Асан, Бессары, Қараман, Қарақұнан деп. Бұл 7 баланы тарихшы Хамит Маданов та дұрысқа жақын көрсеткен, ол тек Қараманның орнына Қалақ дегенді енгізген.

Ал осы жетеуді ол Тананың екі баласы Шаңқан мен Біртоғашқа бөліп: Жиёмбет пен Ақымбетті — Шаңқаннан, Қараман, Қалқаман, Асан, Бессарыны — Біртоғаштан туған деп жазыпты...

Жиёмбеттен — Масай, Жобалай, Нұрке. Жиёмбеттің осынау үш ұрпағынан өрбіген азаматтар бүгінгі тәуелсіз еліміздің алыс-жақын аймақтарында қоғамдық жұмыстың әр саласында еңбек етіп, абыройға бөленіп жүр» [14; 81, 82].

Есім ханның қабырғалы билерінің бірі болған Жиёмбет қарапайым көшпенділер қатарынан емес. Халық аңыздарының және шежіренің айтуынша, Жиёмбеттің арғы атасы — Ноғайлыдан шыққан атақты Алау батыр: Алау — XVI ғасырдың алғашқы жартысында жасаған, тарихқа белгілі адам [13; 68].

Жиёмбеттің жастық шағы Батыс Қазақстан аймағының Дендер, Өзен, Жем, Арал өңірінде өтеді. 16 жасынан бастап хандардың, билердің, батырлардың жанында жүреді. Шешендігінің арқасында ел билігіне араласады.

Жиёмбет Есім ханның беделді биі, батыры, қолбасшысы болып, талай шайқастарға қатысады. 1620, 1627, 1628, 1635 жж. қалмақтармен болған соғыстарда Жиёмбет батыр бастаған сарбаздар ірі жеңіске жетеді. Әсіресе 1620 ж. Есім ханның Ойрат қалмақтарымен шайқасы кезінде ерекше ерлік, тапқырлық көрсетеді.

Қазақ энциклопедиясының 4-томында: «Ол Есім ханның Кіші жүздегі ел басқарушы биі, қолбасшы батыры болған. Қалмақтарға қарсы 1620–1627 жж. жорықтарға қатысып, ұйымдастырушылық қабілетімен, ерлігімен көзге түскен», — деп жазылған.

Жиёмбет батыр Қазақ ордасынан бөлініп, тәуелсіз хандық құрғысы келген Ташкент ханы Тұрсын ханның көтерілісін басуда елеулі қызмет атқарған.

Әйгілі жырау «Әмірің қатты, Есім хан», «Еңсегей бойлы ер Есім» атты толғауларында Есім ханның жосықсыз ісін бетіне басып, зорлық-зомбылық әрекеттерін ашық айтады. Сөз күдіретін, ақындық өнерді жоғары қояды. «Қол-аяғым бұғауда», «Басы саудың түгел-дүр» деген жырларында ханнан қуғын көріп, айдауда жүргені айтылады. Бірақ ержүрек жырау қиындыққа мойымаған. Мұны «Менің ерлігімді сұрасаң, Жолбарыс пен аюдай, Беріктігім сұрасаң, Қарағай мен қайыңдай» деген өлең жолдарынан көреміз [15; 218].

Жиёмбет жыраудың шығармалары сол дәуірдің кейбір шындығын, сол заманның кескін-келбетін, халықтың салт-санасын білуге жәрдемдеседі.

Жиёмбеттің Тәуекел ханға айтқан өлеңі

Кейбір деректерде Жиёмбет жырау Қазақ хандығының 1582–1598 жж. билеушісі Тәуекел ханды жақсы білген.

Тәуекел — Шығай ханның ұлы. Ол 1581 жылдан әкесімен бірге Мауреннахр билеушісі Абдолла ханға қызмет еткен. Оларға Абдолла хан Ходжент жерін икта ретінде беріп, алтын жіппен тігілген шапан мен асыл таспен безендірілген белдік сыйлаған. Тәуекел хан Абдолла ханның басты қарсыластарының бірі Баба сұлтанмен күресте белсенділік танытады. 1582 ж. Баба сұлтанды өлтіріп, оның басын Абдолла ханға апарып береді. Бұған сый ретінде мол тартулармен қоса, Самарқандқа іргелес Африкент уәлаятын үлеске алады. 1582 ж. Шығай өлгеннен кейін орнына Тәуекел хан сайланады. Ол 1598 ж. Бұхара қаласы маңындағы шайқаста алған ауыр жарақаттан 40 күннен кейін қаза табады. Тәуекел ханның Шайбани әулетімен жүргізген күресі нәтижесінде Сырдарияның орта ағысының екі жағасындағы отырықшы-егіншілік аудандар Қазақ хандығының құрамына кіреді [16; 34–36].

Жиёмбет Тәуекел ханға арнап өлең шығарған. Бірақ ханға айтқан өлеңі түгел жетпеген. Оның қысқа үзіндісі ғана мәлім. Ол үзіндіден Жиёмбеттің жас шағы көрінеді. Жыраудың жігітшілікпен хан қаһарына ілініп, одан кешірім өтінгені Б. Қорқытовтың «Кіші жүздің билері мен батырлары» атты кітабында былайша баяндалады: «Тәуекел ханның Есенбике деген көрікті қызы болыпты. Сол қызға Жиёмбеттің көзі түсіп, онымен бір кездесуді көздеп, сыртынан аңдып жүріпті. Мамыр айының мамыражай күнінің бірінде Есенбике бір топ қызбен қызғалдақ теруге шығады. Көк шалғынды бір

төбенің астында бақылап отырған Жиёмбет Есенбике оңашалау қалғанда барып жолығыпты. Осыдан соң екеуі түсінісіп кетіпті. Бірақ жортуыл, дау-далабайдың ортасында жүрген Жиёмбет қызға көп кезіге алмайды. Қыз іштегі жалынын сыртқа шығара алмай, іштен құса болып жүреді.

Бірде Тәуекел хан Күлтөбе басында билік құрып отырып, ел ішіндегі біраз дау-дамайды қарап шешеді. Осындай көңілді отырған шағында, отырыстың аяғын ала топты жарып, Есенбике ортаға шығып, әкесінің алдына келе: — Дат, тақсыр! — дейді.

Хан: — Қызым, не тілекпен келдің, айт, — деген екен.

Есенбике:

– Тақсыр, бір білезігім бар еді,

Оның өзі тар еді.

Албырт өскен ер жігіт,

Оңаша жерде жолығып,

Сол білезігімді кеңітті,

Қатарымнан кемітті, — деп төмен қарайды.

Хан: — Ол кім еді, атын айт, — дейді.

Есенбике: — Ол сіздің тобыңызда жүрген әрі батыр, әрі жырау Жиёмбет, — депті.

Хан Жиёмбетті шақырып алып: — Бұл не әңгіме, мына бойжеткеннің айтып тұрғаны рас па? — деп сұрайды.

Жиёмбет:

– Уа, тақсыр, хан ием!

Үш ай тоқсан кезінде,

Қошқар менен бура мас.

Нақ көктемнің кезінде,

Айғыр менен бұқа мас.

Жас болжамы жеткенде,

Қыздар менен жігіт мас.

Сол жастықтың жөнімен,

Түзетілмес іс қылдым.

Кессеңіз, ханым, міне, бас, —

деп хан алдына басын иеді.

Жиёмбеттің тапқырлығы мен ерлігіне риза болған хан:

– Айтқандарыңның бәрі жөн,

Өркенің өссін екі жас, —

деп батасын беріп, некелерін қидырып, сол жерде екі жастың отауын тіккізіпті [17; 14–15].

Әйгілі жыраудың Тәуекелге айтқан сөздерінің үлгісі «Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясында» (119-б.) бірінші рет басылған.

*Жиёмбеттен қалған ең елеулі мұра —
оның Есім ханға арнаған толғауы*

Қазақтардың ойраттарға қарсы XVII ғ. күресі көбіне жеңісті, сәтті болып отырғанмен де, аса тынымсыз, елдің тынышын кетірген ауыр күрес еді. Осы кездегі оқиғалардың кейбірінің елесін Жиёмбеттің Есімге арналған «Еңсегей бойлы ер Есім» [18; 131–132] толғауынан көреміз:

Еңсегей бойлы ер Есім,

Есім, сені есірткен

Есіл де менің кеңесім.

Ес білгеннен, Есім хан,

Қолыңа болдым сүйесін,

Қолтығыңа болдым демесін.

Ертеңгі күн болғанда,

Елің кеңес құрғанда,

Айналып ақыл табарға

Есіктегі ебесін,

Сонда, ханым, не десін?!

Мен жоқ болсам, Есім хан,

Ит түрткіні көресің.

*Жиёмбет қайда дегенде,
Не деп жауап бересің?..
Мені менен, ханым, ойнаспа,
Менің ерлігімді сұрасаң,
Жолбарыс пенен аюдай.
Өрлігімді сұрасаң,
Жылқыдағы асау тайыңдай.
Зорлығымды сұрасаң,
Бекіре менен жайындай.
Беріктігімді сұрасаң,
Қарағай менен қайыңдай.
Көруші едім, Есім хан,
Ханымды күнім, сізді айымдай.
Сырым саған түзу-ді,
Садаққа салған бұлыңдай.
Жұмыскерің мен едім
Сатып алған құлыңдай,
Жүруші едім араңда
Өзіңнің інің менен ұлыңдай...
Мен өлсем, құнсыз кетер деме сен,
Кешегі өзіңнің ұрып өлтірген
Тілеуберді құлыңдай!
Тілеуберді құлың мен емес,
Мұның, ханым, жөн емес.
Менің ер екемді көргенсің,
Әуелден бірге жүргенсің,
Дегенімді қылғансың,
Қайратымды білгенсің.
Азбытпа, ханым, күннен соң,
Сіздің естен кеткенмен,
Біздің естен кеткен жоқ:
Қалмақтың Бөрі ханы келгенде,
Соқыр бурыл байталға
Сонда бір жайдақ мінгенсің...
Қалмақтың Бөрі ханы келгенде,
Қаланың қасы бүлгенде,
Хандар қалаға қылаған,
Сұлтандар суға сылаған,
Қаз мойынды ханша
Қалада тұрып жылаған...
Тал шарбаққа мал сақтап,
Тас қалаға жан сақтап,
Тасқан екен мына хан!
Қайрылып қайыр қылуға
Қылығың жоқ ұнаған.
Қайратым қанша қайтса да,
Мұныңа, ханым, шыдаман!
Арқаға қарай көшермін,
Алашыма ұран десермін,
Ат құйрығын кесермін,
Ат сауырын берермін,
Алыста дәурен сүрермін,
Қарамасаң, ханым, қарама,
Сенсіз де күнімді көрермін!*

Бұл жолдардан Жиёмбет жыраудың Есім ханға ақыл-кеңес беріп, тар кезде қолтығынан демеген, әскеріне, төңірегіндегілерге сүйеніш болған, ақыры соның нәтижесінде оны үлкен билікке қолын жеткізіп, «есіртуге» дейін апарған сұңғыла абыз, қызметі өткен кісісі екенін байқаймыз. Демек, Жиёмбетке Есім хан осындай дәрежеге жетуімен борышқор. Ел әңгімелеріне қарағанда, Жиёмбет — Есімді ақ киізге салып хан көтерушілердің бірі, оның барлық жеңісті жорықтарының қаһарманы.

Жорық жырауы Есім ханға «мен кеткеннен кейін қалмақтардан көресіні көресің, кезінде сол қалмақтардан бірнеше рет жаныңды аман сақтап қалып едім, енді оны ұмытайын деген екенсің» деп Есім ханға ашулы сөздерін де арнайды. Бірақ Жиёмбет жырау қаншама күш көрсете сөйлегенмен, Есім ханды биік бағалап, оның ерлік істері мен парасатты ел басшысы екенін мойындап тұрғандай. Қалай дегенмен де ханның арғы-бергі, жақсы-жаманды жүріс-тұрысы мен көңілге қона бермейтін кейбір қыңыр қылықтарын есіне салып, Құдай тәубасын аузына келтіргендей [19; 350].

Бұл толғау осындай ерекше қасиетімен құнды, шындықты ірікпей-бүкпей, тура қасқая қарап бетке айтуымен қымбат. Сонау арғы ғасырлардан бері ұмытылмай ел есінде сақталып келуі де жұрттың көкірегіндегі көкейкесті айта алмай жүрген сөздерін жеткізуінен болса керек.

Жиёмбет — Есім ханмен жағаласып өткен батыр жырау

Жиёмбет жырау өзі тұстас кейбір хан мен билерге наразылық білдірген, оларға тіл тигізе батыл сөздер да айтқан. Сондықтан да халық Жиёмбетті әділ би, шешен жырау, айлалы, «аруақты» батыр деп дәріптеген.

Тарихтың айтуында, ол — Есім ханнан қорлық көріп, есесі кеткен елдің жоғын жоқтаған ер азамат. Есім өлтірткен құлдың құнын даулап, ханға қарсы шығатын да, ханды өз қылмысын мойындауға мәжбүр ететін де осы Жиёмбет. «Ешкім жақтап, ешкім құн талап етпейтін құлды өлтірген... Есім Жиёмбеттен кешірім сұрауға мәжбүр болады» деп жазылған Қазақ ССР тарихында [20; 226].

Уақыт өткен сайын Есім хан мен Жиёмбет бидің арасындағы қайшылық өрши түседі. Оған келіп, мынадай бір оқиға тағы да жалғасады. Халық аңыз бойынша, бір кездері Есім қалмақ хандарымен ауыз жаласып кетеді. Осыдан келіп елде оның саясатына ашық наразылық туады. Осындай наразылықтың бірін халық Жиёмбет пен оның інісі Жолымбетке байланыстырып айтады. Ол аңыздың қысқаша мазмұны мынадай: «Есімді қолға ұстамақ болған қалмақтың бір ханы оған елші жіберіп, сұлу қызды сыйға тартады. Сыйлықты алып келе жатқан қалмақ елшісін Жиёмбеттің інісі Жолымбет батыр тосып алып, ханға жеткізбей қолға түсіреді. Қызды барымталап, ханға бермейді. Мұны естіген Есім хан Жиёмбетке ренжіп, қалмақ ханы сыйлаған тартуды өз қолына тез табыс етуді талап етеді. Бірақ Жиёмбет ауылы бұған түгел қарсы тұрып, қызды қайырмайды. Бұрын ханға кеткен дауларының есесін осылай қайыруды ойлайды. Осындай себептерден Жиёмбет пен хан арасы алшақтай түседі» [12; 29].

Есім хан қаһарын төгіп, Жиёмбетті шақырып алып:

– Хан алдындағы ауыр қылмысы үшін інің Жолымбетті ұстап, өз қолыңмен өлтір, — деп әмір етеді.

Бұған шамданған Жиёмбет [21; 51]:

*Әмірің қатты Есім хан,
Бүлік салып, бұйырдың
Басын бер деп батырдың —
Қанын ішіп қанбаққа,
Жанын отқа салмаққа.
Атадан жалғыз мен емес,
Хан ие, ісің жол емес.
Жолбарыстай Жолымбет,
Құрбандыққа қол емес.
Жол тосып, алып кетіпті,
Қалмақтан алмақ сыйыңды.
Қаһарыңды басқалы
Қалың елім жиылды.
Бастап келген өзге емес,
Жиёмбет сынды биің-ді.
Малын салып алдына,
Әр саладан құйылды,*

*Он екі ата Байұлы
Бір Тәңірге сыйынды, —*

дейді. Есім хан райынан қайтып, Жолымбетке кешірім береді. Алакөздік жақсылыққа бастамайтынын ұққан Жолымбет бытыр елден безіп, бөтен жаққа қашып кетуге мәжбүр болады. Ол туыс-туғандары, жекжат, жұрағаттарымен Адай арасына — Хорезм жағына ығысып, сол жақта өледі.

Ел аңызы бойынша, Жиёмбет Есім хан жарлығымен Ителіге айдалады. Ханға қарсы сөз айтуға, оның абыройына дақ келтіруге болмайтын билердің дайындаған заңына Жиёмбеттің мойынсұнбайтын амалы жоқ. Аңыздар мен жазбаларда әскербасы, даңқты батыр, жыршы, сазгер Жиёмбет Ителінде жүріп үйленіп, одан туған ұрпақ Ител Баймұрат болып тарап кеткен [22; 4].

Ел аузындағы аңыздарға қарағанда, Жиёмбет тек жырау ғана емес, жиһанкез де болғанға ұқсайды. Ол көп жерлерді аралаған. Қазақстаннан басқа жердегі біраз жұрттарды көрген.

Жиёмбет жыраудың қуғынға ұшырауы

Жиёмбеттің мемлекет ішіндегі, халық алдындағы беделі қаншама жоғары болғанымен, оның Есім ханмен тартысының аяғы насырға шабады. Халық жадында қалған аңыздардың айтуынша, тартыс атақты жыраудың жеңілісімен тынады. Сірә, бұл қайшылықтың түп-төркіні Жиёмбеттің тентектігінде ғана жатпаса керек.

Есім ханның басты мақсаты – Жиёмбеттің ықпалындағы елдерді өзіне түгелдей қаратып, хандық құзырын бұрынғыдан да кеңейту болатын. Оның бұл ойы Жиёмбетті биліктен тайдырмайынша іске аспайтын еді. Сондықтан ол өз жендеттерін жұмсап, Жиёмбетті қолға түсіріп, жыраққа жер аударып жібереді. Жиёмбет сол жаққа айдалып бара жатып [21; 54–55]:

*Қол-аяғым бұғауда,
Тарылды байтақ кең жерім!
Арманда болып барамын,
Қоштасуға аял жоқ,
Қалқаман, Шолан ерлерім!
Қайырылып, қадам басарға
Күн болар ма мен сорға,
Өзен, Арал жерлерім?!
Қиядан қолды көрсеткен
Төбеңе шығар күн бар ма,
Жотасы биік Дендерім?!
Қайрымсыз болған хандарға
Тиер ме екен бір күні
Жолбарыстай шеңгелім! —*

деп өзінің жауынгер достарына іштегі өкінішін білдіреді.

Ол туған жерден жырақта жүріп те елін, жерін, жауынгер достарын аңсап, сағынып [21; 55]:

*Басы саудың түгел-дүр
Толған тоғай малы-дүр.
Тоқтамай соққан толағай
Толастар мезгіл жеткей-дүр.
Керегеге ілінген
Шабылмаған семсер тұр,
Жаудан алмай кегімді,
Есіл де өмір өткен құр.
Азап шектім аралда
Ханға қарсы тұрам деп,
Түн ұйқымды бөлгенмін,
Жұртымды жөнге салам деп.
Бас кессе де басылмай,
Ақ ісімді жасырмай,
Атқа мінген ер едік,
Қашырды бүйітіп елімнен
Күйеуден безген қатындай, —*

деп өзінің әділет үшін белін буып, қолына қару алып, күреске шыққан мақсатын баяндайды.

Сол айдаудан Жиёмбет 1643 жылдың басында (осы жылдың жазында Орбұлақ шайқасына қатысады) елге жадап-жүдеп, ауруға шалдығып оралады. Оны ел-жұрты зор құрмет көрсетіп қарсы

алып, бағып, күтеді. Тана руы Жиёмбетті өзіне ұран етіп алады. Осылайша, даңқты жырау ел есінде мәңгі ұмытылмастай болып қалады.

Жиёмбеттің Орбұлақ шайқасына қатысуы

Қазақ жауынгерлерінің аз колмен жаудың сан мыңдаған әскерін соғыстың керемет әдіс-тәсілін қолдану арқылы жеңіліске ұшыратқан тарихтағы ең шешуші шайқастардың бірі қазіргі Алматы облысының Панфилов ауданы Орбұлақ түбінде болғандығы тарих беттерінде жазылған.

Қазақ хандығы кезеңі — ат жалында күн кешкен Алаш жұртының қаһармандық дәуірі. Өйткені бетегелі белімізге, жусанды дарқан даламызға көршілеріміз қашанда көз тіккен. Оның басты себебі: жазы — жайлау, ойы — қыстау, құтты қонысымыз арқылы стратегиялық маңызы бар — Ұлы Жібек жолының өтуі. Сондықтан да елім, жерім, халқым деп жаны күйзеліп, елінің ертеңіне алаңдап, бабаларымыз бірлікке ұмтылды, намысқа шапты. Ұлтының ұйытқысы болған хандар, қол бастаған батырлар, дуалы ауыз шешендер, билер тарих сахнасына шықты. Бұланты, Білеуті, Шұбартеңіз, Аягөз, Түркістан, Аңырақайда өткен шайқастарда қазақ халқы шынығып, шыңдалды, бірлігі нығайды. Сондай ерекше оқиғаның бірі, елдік пен ерлік сынға түскен — «Орбұлақ шайқасы». «Орбұлақ шайқасы» жайлы мәліметті алғаш айтқан тарихшы Иоганн Эбергард Фишер болатын. Сонымен қатар орыс тарихшылары Алексей Левшин, Илья Златкин; қазақ ғалымдары Мұхамеджан Тынышбаев, Халел Досмұхамедов, Санжар Асфендияров, Сәкен Сейфуллин де жазған [22; 7].

Әрбір соғыс, қақтығыс жүрген жерде бықпырт тигендей бүліну болады. Бүлінгенді түзейтін де, жоқты бар ететін де батырлар екеніне Орбұлақ жотасындағы 20 тонналық ескерткіш тақтадағы мына жазулар дәлел болғандай [23; 4]: «Бұл жерде 1643 жылы Салқам Жәңгір бастаған қазақтың 600 жауынгері ор қазу тәсілімен қалмақтың 50 мың қолын тоқтатып, оның 10 мыңын жойып жіберген. Осы кезде бұларға Самарқаннан алшын Жалаңтөс баһадүр 20 мың колмен көмекке келіп үлгерді.

Ұлы жеңіске шапырашты Қарасай, арғын Ағынтай, тана Жиёмбет, қаңлы Сарбұқа, найман Көксерек, қырғыз Көтен мен Табай, дулат Жақсығұл, арғын Қомпай, суан Елтінді батыр, тағы басқа хас батырлар үлес қосты.

Батыр бабалардың аруағына бас иеміз!

Қазақтың ескерткіштер қорғау қоғамы».

Ел мен жерді қорғауда Орбұлақ шайқасының тарихи маңызы жоғары болған. Басқыншылыққа қарсы жойқын күш көрсетілген. Бұл соғыстың мән-мағынасын тарихшылар орыстың Куликово шайқасымен теңестіруі тегін емес.

Орбұлақ жеңісі — қазақтың ғажап бауырмалдығының жемісі. Тауасарұлы Қазыбек бек «Түп-тұқианнан өзіме шейін» кітабында осы соғыс туралы мынандай қызықты деректер ұсынады: «...Алтын ханның ұлы Омбы, ойраттың білікті нояндары қазаққа қайта лап қойды. Оның басында әкесінің қолға түсіп қорлық көргенін ұмыта алмай жүрген Батыр хонтайшы болды. Бұл соғысқа ол елу мыңдай қолмен келді. Жәңгір хан жолындағы қырғыздарды тапап өткен ойрат қолына мыңға жетер-жетпес адаммен қарсы шығып, соғыста тәсілін арттырып жеңіске ие болды. Ол адамының жартысын тас арасына орналастырып, оған мосқалдау батыр Жиёмбетті, Жақсығұлды қалдырды. Жас батырларды Қарасайға бастатып шабуылға дайындады. Сөйтіп, олар жаудың желкесінен келу үшін тау айналып кетті. Алаңсыз Лабастағы Доңыз тауға кіріп келе жатқан қалмақты Жәңгір адамдары атып, көп адамын өлтірді. Олар сасып-салбырап қалғанда, желкесінен келген Жәңгір мен Қарасайдың азғантай тобы ойраттарды ойсырата қырды. Бәлкім, енді арттан жиырма үш мың қолмен Алшын — Әлімұлы — Төртқара Жалаңтөс батыр келмегенде, қазақтар жеңіліп қалар да еді, Батыр хонтайшы осы соғыста он мыңдай адамынан айырылып, қайтуға амал жоқ бет бұрды. Кейін ойрат нояндары: «Соғыстан неге қайттың?» — деп батырдан сұрағанда, ол:

– Он бір мың бес жүз адамынан айырылдым, енді болмаса бәріміз қырылатын едік, — деп жауап беріпті. Бұл соғыс осылай аяқталуы тиіс екен, өйткені Жәңгір жанындағы жеті жүз адам бәрі сен тұр мен атайын, сыннан өткен Қарасай, Ағынтай, Жиёмбет, Сарбұқа, Көксерек, қырғыз Көтен, Табай батыр әрқайсысы жүз кісіге татитын адамдар болатын» [24; 200, 201].

Кейінгі зерттеулер қазақ қолының ішінде дулат Сырымбет, найман Бөдес және суан Ұзақ батырлардың да болғанын дәлелдейді. Бұлардың ішінде әйгілі Жиёмбет жырауға айрықша тоқталуға тура келеді.

Әскербесі, даңқты батыр, дарынды жыршы Жиёмбет, жоғарыда айтылғандай, Есім ханмен жағаласып өткен адам. Есім ханмен араз бола тұрып, соның баласы Жәңгірмен бірге өз халқы үшін өте қауіпті, өздерінен 70 еседен астам көп жаудың жолын кесуге аттануы Жиёмбеттің халқы үшін

жанын қиюға қашанда әзір екенін көрсететін оқиға. Мұндай үлгі-өнеге көрсеткен батыр — айрықша батыр.

Жиёмбет жыраудың ісі — отансүйгіштіктің әрі дара, әрі сирек үлгісі. «Арқаға қарай көшермін» дегеніне қарағанда, оның сол кезде Қарасай мен Ағынтайдың қасында жүргенінің дәлелі. Даңқты жырау Есім ханның да, Салқам Жәңгірдің де әскербасы, сенімді батыры екенін көрсете білді. Есім ханға деген ыза-кегін ұмытып, Орбұлақ шайқасына қатысуы — Жиёмбет жыраудың халық мүддесін қастерлеген қаһармандығы.

*Марғасқа жырау — Есім ханның Ташкентті басып алу
оқиғасына қатынасқан сарбаздарының бірі*

Марғасқа жырау (Жиёмбетке тете) Есім хандығының соңғы кезінде өмір сүрген. Оның қай жылы туып, қай жылы қайтыс болғаны әлі де белгісіз. Не тарихи кітаптарда, не көне құжаттарда, немесе ескі шежірелерде мына жылы дүниеге келіп, мына жылы дүниеден өтті деген нақтылы дерек кездеспейді. Ғылымда Марғасқа XVII ғ. өмір сүрді деп айтылады.

Жыраудың өз дәуірінде әлденеше ұзақ-ұзақ толғаулары да болған шығар. Алайда соның көбісі бізге жетпеген. Кезінде хатқа түспегендіктен ел жадынан шығып, бұл күнде ұмыт болған [19; 351].

Бізге Марғасқа жыраудың бір ғана қысқа толғауы жеткен. Бұл толғау Қазақстан Ғылым академиясы Әдебиет институтының қолжазбасынан алынып, 1967 ж. «Ертедегі әдебиет хрестоматиясына» енгізілді. Ол төмендегідей [21; 56]:

*Ей, Қатағанның хан Тұрсын,
Кім арамды ант ұрсын.
Жазықсыз ерді еңіретіп,
Жер тәңірсіп жатырсың.
Хан емессің қасқырсың,
Қара албасты басқырсың,
Алтын тақта жатсаң да,
Ажалы жеткен пақырсың!
«Еңсегей бойлы Ер Есім»
Есігіңе келіп тұр:
Алғалы тұр жаныңды,
Шашқалы тұр қаныңды!*

Бұл жырдан Марғасқаның от тілді, өжет, аса талантты ақын екендігі аңғарылады. Өлең Марғасқаның халық әңгімелерінде айтылатындай шынында да жауынгер, жорықшы жырау болғанын көрсетеді.

Асылы, Есім ханның халық алдында беделінің артуы осы оқиғаның жеңіспен аяқталуы болса керек.

Ал келешектегі мақсат — Марғасқадай әйгілі жырау сөздерін мұқият жинап, әдебиет тарихындағы орнын толық таныту.

Түйін

Сөз соңында айтарымыз, Есім хан — өз заманының даңқты қолбасшыларының бірі, сыртқы саясатта мықты стратег, сонымен бірге қатал билеуші де. Ханның елінің елдігін, халқының бірлігін сақтауда сіңірген еңбегі ерен.

Жиёмбет пен Марғасқа жыраулар — Есім ханның кеңесшісі болған адамдар. Сондықтан олар кез келген жерде жырлап, ағынан жарылмаған. Олар ханның ұсынысымен ғана сөйлеп, жыр айтып, ақыл берген. Әр жерде жүріп жыр айтуды ар санаған. Абыройының төмендеуі деп түсінген. Жырды жазушылар басқа да, орындаушылары бөлек болған.

«Еңсегей бойлы Ер Есім» толғауы Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында жақсы баяндалған. Бұл жыр Жиёмбет пен Есім ханның алауыздығынан туындаған. Марғасқа да, Жиёмбет те өз дәуірінде бұл жырды жырлаған, дастанның осы күнге дейін жетуіне себепкер болған жыраулар. Ал жырдың негізгі бүгінгі күнге жеткізушісі — Қазақстанның халық ақыны Қазанғап Байболұлы.

Ақын «Еңсегей бойлы Ер Есім» дастанын 1938 ж. он баспа табақ қолжазба күйінде жазып шыққан. Жаңа заманның ақыны болғандықтан, Қазанғаптың қолжазбасында жырдың ескі үлгісімен қоса, ақынның өзінің қиялына ерік берген тұстары да кездеседі (жырдан үзінді) [25; 19]:

Шақырып Есім айтты қазақ ұлын:
 – Қадірін біліс керек бұл дәуірдің.
 Көлденең, қарсы жауға неше шаптың,
 Кейде жау, кейде барып жұртқа ұрындың.
 Сырбаз жеп, қымыз ішіп, ақымақ боп,
 Зілінде жарамайды көшпелігің.
 Даланың жазын жайлап, көгін көктеп,
 Өнерсіз, тағы сор да аңқаулығың.
 Қалалы, орнықты ел болмадыңдар,
 Киіз үй, туырлық, ағаш үй тіршілігің.
 Қарның тоқ, уайымың жоқ болғаннан соң,
 Қамы жоқ инедейін кейінгінің.
 Қай жерде қарсы жауың қуып, шанышып,
 Қатты жау қалмақ еді кердең, көрдің.
 Талқыңа қуып шығып, белін буып,
 Салмақты патшаларға теңелдірдім.
 Менен соң күнің қысым, малың талан,
 Көп болар алты ауыз боп көрген күнің.
 Барласам, бірақ жүзге жасым келер,
 Түбіңе жетер түбі адалдығың.
 Бұл жақта жапон, қытай, бұяқта орыс,
 Біреуі алмай қоймас өнерлінің.
 Менен соң қилы-қилы заман болар,
 Қоңсы боп шегір көзді адам қонар.
 Атаны бала құрмет қылмайтұғын,
 Ағаға іні қарсы табан қояр.
 Біріңді бірің шағып, күнде өлтіріп,
 Мал-мүлкін, қатын-балаң талан болар.
 Соратын теспей қаның басшы болып,
 Ақырың осыменен тәмамдалар.
 Біріңнің бақайыңнан бірің тартып,
 Мен емес, мына күндер саған болар.
 Мейлің қор, мен өткен соң мейлің зор бол,
 Менен де санаулы күн ада болар.
 Қос-қос орда, қос орда,
 Қосылып қонбас бізден соң.
 Бала сыйлап атасын,
 Құрметтемес бізден соң.
 Ауызбірлік, ынтымақ
 Бола бермес бізден соң.
 Бала қамын ойланып,
 Ер тумайды бізден соң.
 Ғылым, өнер үйреніп,
 Қазақ болып қарайып,
 Халық болмас бізден соң.
 Тиын пара жеместен,
 Төре жүрмес бізден соң.
 Қалай болсаң, олай бол,
 Өзім, қазақ, өлген соң.

Бұл жырға Әлкей Марғұлан, Мұхтар Әуезов жоғары баға берген.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Құрбанғали Х.* Тауарих хамса: Бес тарих. — Алматы: Қазақстан, 1992. — 304 б.
- 2 *Тынышпаев М.* История казахского народа: учеб. пособие. — Алматы: Санат, 2002. — 224 с.
- 3 *Дулатов М.* Шығармалары: Өлеңдер, кара сөздер, көсемсөз. — Алматы: Жазушы, 1991. — 384 б.
- 4 *Кәрібаев Б.* Қазақ хандығы тарихында Есім ханның алатын орны ерекше // Жұлдыздар отбасы: Аңыз адам. — 2015. — № 18 (126). — 5–11-б.
- 5 Тұрсын хан // Жұлдыздар отбасы: Аңыз адам. — 2015. — № 18 (126). — 17-б.
- 6 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): бес томдық. — II-т. — Алматы: Атамұра, 1998. — 640 б.
- 7 Жетісу: энциклопедия. — Алматы: Арыс, 2004. — 712 б.
- 8 *Омарбек Т.* Қазақтың қазіргі жері Қасым хан мен Есім ханнан қалған // Жұлдыздар отбасы: Аңыз адам. — 2015. — № 18 (126). — 17–21-б.
- 9 *Зиманов С.* «Жарғы» — Есім ханның мұрасы // Жұлдыздар отбасы: Аңыз адам. — 2015. — № 18 (126). — 30 б.
- 10 Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. — 3-т. / Бас ред. Ә. Нысанбаев. — Алматы: Қазақ энцикл. Бас ред., 2001. — 720 б.
- 11 *Зиманов С., Өсеров Н.* «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» заңдары хақында // Жұлдыздар отбасы: Аңыз адам. — 2015. — № 18 (126). — 31–33-б.
- 12 *Сүйіншілиев Х.* Қазақ әдебиетінің тарихы: оқулық. — Алматы: Санат, 1997. — 928 б.
- 13 *Мағауин М.* Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет: оқулық. — Алматы: Ана тілі, 1992. — 176 б.
- 14 *Неталиев М.* Кіші жүз шежіресі (тарихи-этнографиялық зерттеу). — Алматы: Арыс, 2014. — 296 б.
- 15 Атырау: энциклопедия. — Алматы: Атамұра, 2000. — 384 б.
- 16 Қазақ халқының тарихи тұлғалары: қысқаша анықтамалық. — 2-кіт. — Алматы: Өнер, 2013. — 360 б.
- 17 *Қорқытов Б.* Кіші жүздің билері мен батырлары. — Алматы: Өлке, 2009. — 528 б.
- 18 Екімыңжылдық дала жыры / Бас ред. Ә. Нысанбаев. — Алматы: Қазақ энцикл. Бас ред., 2000. — 752 с.
- 19 Қазақ әдебиетінің тарихы. — 3-т. (XV–XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы). — Алматы: Ғылым, 2000. — 568 б.
- 20 Қазақ ССР тарихы. — 1-т. — Алматы: Қазмембас, 1957. — 226 б.
- 21 Сөйле, тілім, жосылып (жыраулар мұрасы) / Құраст. әрі ред. Т. Қыдыр. — Алматы: Олжас кітапханасы, 2012. — 156 б.
- 22 *Базарбай С.* Орбұлақ шайқасы — ерлік пен қаһармандықтың өнегесі // Ана тілі. — № 40 (1298). — 2015. — 8–14 қазан. — 7 б.
- 23 *Құлыяс Т.* Жиёмбет би // Егемен Қазақстан. — 2012. — 28 шілде. — 4-б.
- 24 *Тауасарұлы Қазыбек бек.* Түп-тұқианнан өзіме шейін. — Алматы: Жалын, 1993. — 416 б.
- 25 *Байболұлы Қ.* Еңсегей бойлы Ер Есім (жырдан үзінді) // Жұлдыздар отбасы: Аңыз адам. — 2015. — № 18 (126). — 19 б.

Р.С.Каренов

Есім хан и ярчайшие представители искусства жырау — Жиёмбет и Маргаска

К 550-летию образования Казахского ханства

В статье описаны жизнь и деятельность знаменитого Есім хана, сыгравшего выдающуюся роль в прославлении казахского народа. Главное внимание уделено творчеству Жиёмбета жырау, который был полководцем, бием, законодворцем, советником Есім хана. Особую славу, отмечено автором, Жиёмбет приобрел в битве с ойратами (калмыками) в 1620 г.; он сыграл важную роль в подавлении восстания Ташкентского хана Турсына, который в 1627 г. намеревался отделиться от Казахской орды и создать свое ханство. Творчество Жиёмбета, подчеркнуто в статье, поражает силой эмоционального воздействия, глубинным поиском новых мотивов и образов; ему были присущи особенные стиль, философский взгляд на жизнь, видение исторически предназначенного пути народа. Сделан вывод, что Маргаска жырау, так же как и Жиёмбет, бывший посредником между ханской властью и народом, обладал ярким словесным талантом, глубинными знаниями. Наследие и Жиёмбета жырау, и Маргаска-жырау еще ждет своих исследователей.

R.S.Karenov

Esim khan and the brightest representatives of art to zhyrau — Zhiyembet and Margaska

To 550th anniversary of formation of the Kazakh khanate

Life and activity well-known Esim of the khan who played an outstanding role in glorification of greatness and glory of the Kazakh people are described. The main attention is paid to creativity of Zhiyembeta-zhyrau who was a commander, biy, the legislator, the adviser Esim to the khan. It is noted that special glory I got Zhiyembet in fight with oyrata (Kalmyks) in 1620; I played an important role in suppression of revolt of the Tashkent khan Tursyn who in 1627 intended to separate from the Kazakh horde and to create the khanate. It is emphasized that Zhiyembet's creativity strikes with force of emotional influence, deep search of new motives and images; special style, philosophical outlook on life, vision of historically intended way of the people was inherent in it. The conclusion is drawn that Margaska-zhyrau, also as well as Zhiyembet, being the intermediary between the hanky power and the people, had bright verbal talent, deep knowledge. It is hoped that the heritage both Zhiyembeta-zhyrau, and Margaska-zhyrau still waits for the researchers.

References

- 1 Kurbangali Kh. Tauarikh of a hams: Five stories, Almaty: Kazakhstan, 1992, 304 p.
- 2 Tynyshpayev M. *History of the Kazakh people*: manual, Almaty: Sonatas, 2002, 224 p.
- 3 Dulatov M. *Works: Verses, simple reflections, intimate*, Almaty: Zhazushy, 1991, 384 p.
- 4 Karibayev B. *The Star family: Legendary personality*, 2015, 18 (126), p. 5–11.
- 5 Tursun khan // *The Star family: Legendary personality*, 2015, 18 (126), p. 17.
- 6 *History of Kazakhstan (from the most ancient times to one today)*: 5 volumes. II, Almaty: Atamura, 1998, 640 p.
- 7 Semirechye: encyclopedia, Almaty: Arys, 2004, 712 p.
- 8 Omarbek T. *The Star family: Legendary personality*, 2015, 18 (126), p. 17–21.
- 9 Zimanov S. *The Star family: Legendary personality*, 2015, 18 (126), p. 30.
- 10 *Kazakhstan. National encyclopedia*, 3, edit. chief A. Nysanbayev, Almaty: Main edition of «The Kazakh encyclopedia», 2001, 720 p.
- 11 Zimanov S., Oserov N. *The Star family: Legendary personality*, 2015, 18 (126), p. 31–33.
- 12 Syuinshaliyev Kh. *History of the Kazakh literature*: textbook, Almaty: Sonatas, 1997, 928 p.
- 13 Magauin M. *Literatura times of the Kazakh khanate*: textbook, Almaty: Ana tili, 1992, 176 p.
- 14 Netaliyev M. *Family tree of the Younger juz (Historical and ethnographic research)*, Almaty: Arys, 2014, 296 p.
- 15 Atyrau: encyclopedia, Almaty: Atamura, 2000, 384 p.
- 16 *Historic figures of the Kazakh people: Short reference book*, 2, Almaty: Oner, 2013, 360 p.
- 17 Korkytov B. *Bia and batyrs of the Younger juz*, Almaty: Olke, 2009, 528 p.
- 18 *Verses of the Great steppe for the 2000-year period* / Edit. chief A. Nysanbayev, Almaty: Main edition of «The Kazakh encyclopedia», 2000, 752 p.
- 19 *History of the Kazakh literature*, 3, (History of the Kazakh literature during XV–XVIII centuries), Almaty: Gylym, 2000, 568 p.
- 20 *History Kazakh Soviet Socialist Republic*, 1, Almaty: Kazmembas, 1957, 226 p.
- 21 *Exorcise on all power language my eloquent (Heritage of poets — a zhyrausha)* / Orig. and the edit. T. Kydyr, Almaty: Olzhas's Library, 2012, 156 p.
- 22 Bazarbai S. *Ana tili*, 40 (1298), 2015, October, 8–14 p. 7.
- 23 Cuias T. *Egemen Kazakhstan*, 2012, July, 28, p. 4.
- 24 Tauasaruly Kazybek bek. *Time captured of the deep past before my days*, Almaty: Zhalyn, 1993, 416 p.
- 25 Bayboluly K. *Star Family: A legendary figure*, 2015, 18 (126), p. 19.

N.A.Kassymzhanova

*Ye.A.Buketov Karaganda State University
(E-mail: nazie_one@mail.ru)*

Some issues of cooperation between Kazakhstan and the UN on the implementation of the Millennium Development Goals

This article defines the main objectives, principles and activities of the Republic of Kazakhstan in the framework of the Millennium Declaration, which sets out the basic objectives of the Millennium Development Goals: eradicating extreme poverty and hunger, universal primary education, gender equality and empower women, reduce child mortality, maternal health, the fight against diseases of the century, environmental sustainability and global partnership for development. As a regional economic leader, Kazakhstan considers participation in international efforts to help the global development of an essential element of its foreign policy.

Key words: Millennium Development Goals, Kazakhstan, UN, sustainable development, global partnership, international community, healthcare.

In his speech at the 68th session of the UN General Assembly in September, 2013 The Secretary-General Ban Ki-moon urged the international community to continue to fight poverty, disease and deprivation by expanding philanthropy and innovation in the field of science and technology. However, the UN chief noted that, despite the progress made, many challenges lie ahead, that is only possible if the global partnership on the way to further progress towards achieving the Millennium Development Goals [1].

Indeed, enormous progress has been made towards achieving the Millennium Development Goals. Continue to reduce poverty at the global level; the number of children attending primary school, more than ever; dramatically reduce child mortality; greatly expanded access to safe drinking water; targeted investments in malaria, AIDS and tuberculosis have saved millions of lives. MDGs are making a real difference in people's lives, and in the presence of strong leadership and accountability progress could be even larger in most countries by the target date, namely by 2015 [2].

However, in the report of the MDG for 2013 emphasized that many advances in the development achieved in part due to continued economic growth in some developing countries and targeted efforts in critical areas of the MDGs, such as health care. The increase in multilateral funding, the report says, has helped expand key programs, in particular, the treatment of people living with HIV / AIDS [3]. In this connection, the transition to more sustainable development is crucial for the achievement of the MDGs, as well as to ensure further development and preservation of the natural environment of the ecosystem of the planet should be protected.

At the national level of the implementation of the MDGs in conjunction with the governments of Member States the United Nations Development Programme (UNDP) is working actively. In Kazakhstan, in particular, a core value, which is guided by the UNDP in the implementation of the ideas and principles, is the concept of human development. This concept implies an all-encompassing unity of political, social, economic and environmental factors and their influence on the formation of quality of human life, his social abilities to transform the world and contribute to its realization. The needs to develop human resources and create conditions for the expansion of human capabilities are a priority for the UN Member States. To identify global trends in the field of sustainable development in the country, the UN Country Team and the Government of the Republic of Kazakhstan publishes an annual report on human development and the Millennium Development Goals, which are a kind of signal for the Kazakhstani society in terms of identifying potential threats to the country's sustainable development. These documents are drawn up taking into account the statistics of the country and produced by a group of Kazakhstani experts specializing in the subject of the report, which is formed by an independent UN position.

As mentioned above, the MDGs — a set of interrelated tasks aimed at solving the problems of poverty and hunger, illiteracy, gender inequality, child and maternal mortality, HIV / AIDS, tuberculosis, environmental degradation and global partnership for development.

Given the fact that Kazakhstan has already achieved some of the original set of MDG objectives such as poverty reduction, access to primary education and the promotion of women's rights, the Government of the country has committed itself on the agenda «MDG Plus», that is, set additional goals, adapted Kazakhstan

and based on an analysis of national priorities, national statistics, relevant government programs, as well as the experience of other countries.

Goal 1: Eradicate extreme poverty and hunger

Target 1. Halve the proportion of people with incomes below the subsistence minimum for the period from 1990 to 2015.

As indicated in the Report for 2004, Kazakhstan performs a task 1 MDG 1 — to reduce by half the proportion of people living below the subsistence level [4; 7]. However, poverty is still a fairly serious problem for the country, especially in rural areas. Therefore, in the 2007 report it proposed a new task «MDG 1+» that is, to halve the number of people living in rural areas with incomes below the subsistence minimum. Despite some progress on poverty reduction, a significant portion of the population has low income and at risk for this indicator to be in the category of the poor population [5; 10]. In fact, 80% of the population have incomes which do not exceed double of subsistence minimum. Income from employment of a part of the population are so low that they cannot differentiate a decent income sufficient to maintain a decent standard of living, which significantly reduces the attractiveness of productive employment [5; 15]. There remains regional differentiation of poverty with greater picture against rural poverty in all regions. Until now, rural poverty remains at a high level and exceeds the city almost doubled. State social policy for the protection of vulnerable groups is designed to be an effective strategy mechanism for poverty reduction and should aim at further strengthening the protection of the most vulnerable social groups, particularly in rural areas, — the self-employed, large families and single-parent families, the elderly, the disabled and migrants. To achieve this goal is necessary to provide conditions for the development of entrepreneurship in rural areas, to create a favorable legal framework for the employment of migrants and their access to entrepreneurial activity, the most vulnerable groups must be more fully covered by the social security system services, especially women, migrants, refugees, young and older people, people with disabilities, it is also necessary to develop a system of social services with the involvement of NGOs as providers of social services. Approaches to address these measures are set out in the Strategy «Kazakhstan – 2050» in the «New principles of social policy» [6; 9].

Target 2. Halve the proportion of people who suffer from hunger for the period between 1990–2015.

In Kazakhstan, the «Target 2» calls for the reduction on an international scale by half the number of people suffering from hunger, in the framework of MDG 1 «Eradicate extreme poverty and hunger» is reached. The problem of hunger is currently not relevant for Kazakhstan. In connection with this, «Target 2» was adapted in 2007 to the national situation in terms of how to reduce by half the proportion of people who are not receiving a balanced and adequate nutrition [5; 16]. The improvement of nutrition requires a large proportion of the population, especially at-risk groups, which include children and women of reproductive age. In particular, some of the children under five years of age have a low overall weight and growth parameters that characterize the status of their lack of power. There remains a high prevalence of deficiency of some micronutrients, called «hide hunger» among risk groups [5; 17]. Reduction and elimination of micronutrient deficiencies will significantly improve the health and reduce child and maternal mortality, which is a contribution to the achievement of MDGs 4 and 5. To do this, you need to develop to take on the government level and put into practice integrated programs for sound nutrition of children under 5 years age and prevention of malnutrition and nutritional status disorders.

Goal 2: Achieve universal primary education.

Target 3. Ensure that, by 2015, children all children can complete a full course of primary schooling, girls and boys. According to the report on the MDGs in Kazakhstan for the years 2002 and 2005, «Goal 2» in its original formulation achieved in the country. On the basis of the priorities of the national policy, statistics, implementation of state programs in the field of education, as well as taking into account the experience of other countries, it was concluded that the relevance of assessing the state of secondary education in general, with an emphasis on quality of education and enrollment of children with special needs and students from socially vulnerable groups. The Report — 2007 takes into account this conclusion, and to further monitor the achievement of MDG 2 in its extended meaning defined «task 3+», consisting in the provision of universal secondary education [5; 25]. As the review shows, the current challenge of ensuring universal secondary education, along with major achievements, there are many difficulties and unresolved issues with respect to education policy, quality of education, statistical support, institutionalization, capacity, human resources and financing of education. For the Government of the Republic of Kazakhstan and other responsible parties to overcome the existing barriers it is advisable to implement a number of strategic actions, including updating the content of education, the development of a single standard of national education statistics and skills.

Goal 3: Promote gender equality and empower women.

Target 4. Eliminate gender disparity in primary and secondary education preferably by 2005, and at all levels of education by 2015.

Key words: Kazakhstan culture, vectors of integration, outer cultural space, originality, unitization, dialogue of cultures.

Introduction. Particularity of complex sociological research «Culture of Kazakhstan: Vectors of integration into the global community ...» was detailed and phased study of perception of cultural integration of Kazakhstan, its stages, processes, advantages and disadvantages, risks and significance for the development of Kazakhstan for four years (2011, 2013–2014). In a comprehensive study interesting results, which are a valuable material for studying the processes of cultural integration, identify its features, characteristics, risks, and benefits from national interests of Kazakhstan were obtained.

In the survey took part experts, representatives and professionals in the field of culture, as well as the respondents are not related to the culture. On the first stage, Kazakhstani respondents from 10 regions of the country; the second — from all regions of Kazakhstan and from over 36 countries of the CIS and foreign countries; in the third stage, expert survey among scientists, cultural workers and intellectuals, political scientists, sociologists, public officials, public figures and experts in the field of information technology and etc., from 12 countries, including Kazakhstan, the Russian Federation, Tajikistan, Uzbekistan, Belarus, Georgia, Moldova, Belgium, Singapore, South Korea, Switzerland, Japan.

Vectors of cultural integration. The results of the first year of the study (phase) showed that the Kazakhs correctly understand the evidence that symptoms of modernity began the processes of globalization and integration, constantly expanding and has a huge impact on the existence of human communities. These states of the national culture interact with the universal world process. Perhaps, that's why 70% of respondents understand the *cultural integration* as a process of deepening of cultural interaction and mutual influence between states, national cultural groups and history and cultural area. Only 30% of the total number of respondents associated with the processes of negotiation forms of culture and communication of cultural institutions [1].

Under the conditions of transparency, the national communities, the states actively join with political, economic and cultural cooperation. At the same time, trend development towards anti-total integration, which is expressed in the desire to preserve national identity. Although the majority of respondents (65%) responded positively to the question: What promotes cultural integration? as opportunities for dialogue, 8% were convinced that the processes of cultural integration will lead to disruption of national identity.

The results obtained in the second stage of the study are somewhat different from the starting value judgment respondents. On this question was answered as follows (in % ratio) (Fig. 1):




Figure 1. Area of Effect cultural integration

In the context of the country CIS respondents believe that cultural integration is primarily contributes to the unity of the diversity, whereas the respondents of Kazakhstan and foreign countries respondents are of the opinion that the cultural integration contributes to the dialog maintenance [2].

The comparative analysis of the results of the first two phases of the study indicates a transformation of attitudes of the respondents (representatives of different countries) on the vectors of cultural integration in the direction of reducing the positive ratings and negative growth. Perhaps, this is due to the fact that an active discussion of processes of cultural integration in the general public has become more critical and thus formed the basis for a more skeptical view and value judgments of the respondents [3].

The global cultural process integration. For any country that pursues certain objectives entry into the global cultural process an important step. A positive process associated with the promotion of the achievements of national culture abroad and the convergence of the aims and objectives of Kazakhstan and world culture by the opinion of the dominant number of respondents. The results of the second phase of the study showed a slight dynamics of respondents' opinions regarding the outcomes of entering into the world cultural process. On the question: In your opinion, what to a greater extent involves entering into a world cultural process? (% of respondents) given the following answers (Fig. 2):




Figure 2. Degree of entry into the global cultural process

Almost half of the respondents believe that integration into the global cultural process primarily involves the promotion of national culture in abroad. To a large extent this view is inherent to the Kazakhs (every second).

About a third of respondents believe that entry into the world cultural space means borrowing the experience of foreign cultural organizations in addressing the challenges facing the national culture. Such a rational approach is characteristic to the respondents from foreign countries.

A quarter of respondents believe that the entry into the global cultural process involves the convergence of the aims and objectives of Kazakhstan and world culture. This position typical to the respondents from the CIS countries, except of Kazakhstan.

The key indicators of cultural integration. One of the main objectives of the study was to determine the main indicators of integration in accordance with the opinion of the respondents. More than half of respondents believe that the main indicator of integration is to follow the fundamental principles of international relations. This figure among the respondents in the CIS countries is 1.1 times higher than among the Kazakhs and the respondents from foreign countries. Every fourth respondent is a key indicator of integration refers to the desire to fit into the system of civilized nations. This opinion is more characteristic to the Kazakhs and respondents from foreign countries (indicator 2.4 times and 2 times higher than similar). Opinion of respondents by country (% of respondents) (Fig. 3):




Figure 3. Key indicators of integration in the context of the country

Every eleventh respondent indicator of integration refers to the alienation of part of their sovereignty to supranational bodies. Such a view is most characteristic of the respondents from the CIS countries (every eighth), the rate of 1.5 times and 1.4 times higher than those among local and foreign respondents (CIS countries).

The comparative analysis of the responses for 2012–2013 captures the positive trend in the estimates and opinions on the key indicators of integration. Accordingly, we can conclude that the dominant majority of respondents positively tuned to the processes of cultural integration, considering it impossible to international relations without mutual integration, including cultural, and thus Kazakhstan will be among the civilized nations. Only one tenth of the survey participants relates to the cultural integration of Kazakhstan as negative, because they believe that will happen erosion of national identity and the integration process would entail the alienation of sovereignty and dependence of cultural foundations of Kazakhstan on global integration trends.

Expert opinion. On the final stage the significant difference of sociological research of the project is the expert survey instead of the traditional mass survey. It is this fact has allowed identifying more clearly the perception and attitude towards cultural integration of Kazakhstan. To identify the key vectors of cultural development and its integration into the global cultural space.

The results of the survey showed some interesting differences in the perception of cultural integration among the Kazakh experts and their colleagues from near and far abroad. Thus, among the majority of domestic respondents (55.5%) dominates the view that cultural integration is primarily a strategy of cultural policy, which is based on a form of organization of interactions between cultures of different communities through a common planning, designing, conceptualizing the process of creating a common cultural space. It is noteworthy that a similar view is held by only one-sixth of foreign experts.

About a quarter of Kazakh experts (22.2%) and the same number of foreign (23.6%) believe that cultural integration — a functional interdependence between different elements of culture.

Almost one in six national experts (18.5%) indicates that cultural integration is a «social integration» and refers to the correspondence between cultural norms and the actual behavior of a culture, as well as logical, aesthetic coherence between cultural values. Among the foreign experts similar perception of cultural integration is typical only for each of the eighth-ninth respondents.

Analysis of the results shows that the perception of cultural integration among domestic and foreign participants of the expert survey significantly differs. So, if among foreign experts (35.4%) dominated the

perception of cultural integration as the relationship of various parts of the culture, when they come together in a kind of integrity of the main elements of culture and difference of minority, non-principal elements. Noteworthy is the fact that this view tend to only 27 (!) respondents of Kazakh experts. It will be recalled that local experts are more impressed by the perception of cultural integration as a strategy for cultural policy [4].

It can be assumed that similar polarity of perspectives on cultural integration due to the fact that at the time of the expert survey in the Kazakh society actively discussed the draft of the concept of cultural policy. In this context, cultural integration is closely linked to the formation and conceptual content of the document of state importance [5]. Obviously, for domestic experts important is the fact that the potential filling of the cultural integration as such, as well as the definition of its key areas and forms directly related to and dependent on the state policy in the field of culture. Thus, the processes taking place in the sphere of culture do not occur randomly, but are adjusted and controlled by the instruments of state power [6].

It is understandable that the modern form of state participation in culture is a cultural policy, which includes the coordination and regulation of cultural activities related to the preservation and operation of historical and cultural heritage. Thus ensuring equal access for all to culture, art, and support all types of creative work, as well as the cultural presence in other countries and the impact. Apart from the fact that the state provides financial (budget), administrative, legal and moral support for virtually all types of cultural activities, its cultural features designed to meet the needs of people and society. The cultural activities, including the cultural integration are the content of cultural policy [7].

Currently, the post-Soviet integration processes occur, for example, the creation of the Eurasian Union. Formation of a single economic space agenda of which the issues of cultural integration of partner countries, as well as ways and means for its implementation, which in turn, makes it necessary to identify the advantages and disadvantages of the processes of cultural integration in the logical continuation of the study.

References

- 1 Векторы интеграции культуры Казахстана в мировое пространство (результаты социсследования в диаграммах и таблицах, 1 этап. Из материалов научного отчета за 2011 г.). — Алматы, 2011. — 47 с.
- 2 Пути интеграции казахстанской культуры в мировое пространство: Сб. докладов науч.-практ. круглого стола. — Алматы: Жибек жолы, 2011. — 176 с.
- 3 Векторы интеграции культуры Казахстана в мировое пространство (результаты социсследования в диаграммах и таблицах, 2 этап. Из материалов научного отчета за 2013 г.). — Алматы, 2013. — 37 с.
- 4 Векторы интеграции культуры Казахстана в мировое пространство (результаты социсследования в диаграммах и таблицах, 3 этап. Из материалов научного отчета за 2014 г.). — Алматы, 2014. — 48 с.
- 5 Тенденции и перспективы культурной интеграции. Материалы междунар. науч.-практ. конф., посвящ. 80-летию основания Казахского науч.-исследоват. ин-та культуры. 27–28 ноября, 2014 г. — Астана, ТОО «ИДАН», 2014. — 480 с.
- 6 Концепция культурной политики Республики Казахстана. — Алматы, 2014. — 45 с.
- 7 *Теміртон Г. (Садыкова)* Формирование проблемы интеграции в научно-теоретической культуре // Казахстан и мировое пространство: культурная интеграция. — Алматы: Адал Бизнес Принт, 2014. — 416 с.

Г.Теміртон (Садыкова)

Қазақстан: әлемдік кеңістікке мәдени кірігу

Әлеуметтік зерттеу нәтижелерінің негізінде

Мақала авторы бүгінгі күнгі жаһандану үрдісі дамыған жағдайдағы Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа экономикалық, саяси және мәдени кірігуінің артқандығын айта келе, осы бәсекеге еліміздің қабілеттілігінің арттыру қажеттілігі мәселесі жөнінде ой-пікірін келтірген. Сонымен қатар Қазақстан мәдениетінің әлемдік кеңістікке ықпалдастық деңгейін зерттеген, бұл үрдістің апаттылық себебін анықтау мен болашақта орын алуы мүмкін қауіптер мен аландаушылықтарды анықтау мәселелерін қарастырған. Аталмыш өзекті мәселелердің мәнін ғылыми тұрғыдан ашу барысында «Қазақстан мәдениетінің әлемдік кеңістікке интеграциялану бағыттары және мәдениеттегі инновациялық құбылыстар» атты ғылыми-қолданбалы жоба (ғыл. жетекшісі — Г.Теміртон) аясында жүргізілген зерттеудің нәтижелері, атап айтқанда, Қазақстан мәдениетінің ықпалдастық үрдісін қабылдауы, оның кезеңдері, артықшылықтары мен кемшіліктері, мәдени дамудың қазіргі заманғы әлемдік тенденцияларына сай маңыздылығы және басқада зерттеу көрсеткіштері толығымен сипатталған.

Г.Темиртон (Садыкова)

Казахстан: культурная интеграция в мировое пространство

На основе результатов социисследования

В статье с позиций научного изучения рассмотрены актуальные вопросы культурной интеграции, уровень и векторы ее развития в условиях Казахстана. А именно на основе научных данных, полученных в ходе проведения научно-прикладного проекта «Векторы интеграции культуры Казахстана в мировое пространство и инновационные процессы в культуре» (2012–2014 гг., КазНИИ культуры, науч. рук. проекта — Галия Темиртон), раскрыты различные аспекты и механизмы культурной интеграции, даны некоторые результаты социологического исследования, характеризующие восприятие широкой общественностью и экспертным сообществом процессов культурной интеграции, а также показана степень вхождения нашей страны в мировой культурный процесс, выяснены основные показатели интеграции в соответствии с мнением респондентов. Таким образом, в статье продемонстрированы некоторые результаты исследования, представляющие собой ценный материал для изучения процессов культурной интеграции, выявления ее особенностей, характеристик, рисков и преимуществ с точки зрения национальных интересов Казахстана.

References

- 1 Vectors of integration of culture of Kazakhstan in outer space (results of sociological research are in diagrams and tables, 1 stage, 2011), Almaty: KazNIIK, 2011, 47 p.
- 2 Ways of integration of the Kazakhstan culture in outer space. Collection of lectures research and practice round table, Almaty: Zhybek zholy, 2011, 176 p.
- 3 Vectors of integration of culture of Kazakhstan in outer space (results of sociological research are in diagrams and tables, 2 stage, 2013), Almaty: KazNIIK, 2013, 37 p.
- 4 Vectors of integration of culture of Kazakhstan in outer space (results of sociological research are in diagrams and tables, 3 stage, 2014), Almaty: KazNIIK, 2011, 48 p.
- 5 Tendencies and prospects of cultural integration. Materials of the international research and practice conference sanctified to the 80year of founding of the Kazakh research institute of culture. November, 27–28, 2014, Astana, TOO «IDAN», 2014, 480 p.
- 6 Conception of cultural politics of Republic of Kazakhstan, Almaty: KazNIIK, 2014, 45 p.
- 7 Temirton G. (Sadykova) *Kazakhstan and outer space: cultural integration*, Almaty: Adal Bisnes Print, 2014, 416 p.

Б.З.Авад¹, Қ.С.Ержан², Н.С.Анарбаев²

¹*Египет әл-Азхар университеті;*

²*Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы
(E-mail: ansarjan@mail.ru)*

Әбул Қасым әл-Фарибидың (Фариаби) шығармасындағы жүрек түсінігі

Мақалада қан мен жанды, иман мен ақылды тоғыстыратын, ақылдың қателігін дұрыстайтын жүрек хақында кеңінен қарастырылды. Жаратушының бар екенін түсіну — ақылдың міндеті, алайда оны қабылдау-қабылдамау — жүректің міндеті. Имандылық та, күпірлік те жүректен орын алмақ. Жүрек — рухани сырлардың қайнар көзі. Жүрек ақылдың шеңберінен асып, метафизикалық әлемге бойлайтын адам бойындағы ерекше қасиет. Авторлар жүректің танымы, түрлері, сипаттары мен атаулары және ислам ғұламаларының жүрек туралы көзқарастарын зерттеді. Адам баласы кеудесіндегі азғындық сезімдерден арылып, мақаламызда қарастыратын кемел сипаттарға ие болып, жаратылысына сай ғұмыр кешуі үшін жүректі таза қалпында сақтап оған ерекше мән беру керек. Себебі адамды адам қалпында сақтайтын — жүрек. Ислам дүниетанымында жүректің ақылдан үстемдігі, оның рухпен байланысы баяндалды. Сондай-ақ Әбул Қасым Махмұд ибн Ахмед Имад ад-дин әл-Фарибидың (әл-Фариаби) «Халисат ал-хақайк» трактатындағы жүрек түсінігі негізге алынды.

Кілт сөздер: қалб, ақыл, рух, нәпсі, тасаууф, жүрек, материалдық, рухани болмыс.

«Жүрек» сөзін тілдік тұрғыдан қарастыратын болсақ, ол араб тіліндегі «қалб» сөзінің «қ-л-б» түбірінен тарайды. Яғни *қалб* сөздікте — «аудару», «айналдыру», «ақтару», «теріс аудару» және «ауыстыру» деген мағыналарды білдіреді [1; 724].

Кейбір дереккөздерінде *жүрек* сөзі «бір нәрсенің ішін ақтару, астаң-кестеңін шығару, теріс аудару, бір нәрсені екінші нәрсемен ауыстыру» деген мағыналарда қолданылады.

Құран Кәрімде «қ-л-б» түбірінен тараған кейбір туынды сөздер кездеседі. Олар былай деп келеді: «Олар жүректер күйден күйге еніп, астаң-кестең болатын және көздер шарасынан шығатын ауыр күннен қорқады» [2; 24/37-аят];

«Өздеріне һәм өзгелерге зұлымдық қылғандар болса, өздерінің ақырының не боларын, әрі қандай төңкерісті бастан кешіретіндіктерін әлі-ақ біледі» [2; 26/227-аят];

«Жүректері мен көздерін теріс бағытқа бұрып жібереміз» [2; 6/110-аят].

Жалпы жүрекке мұндай атаулардың берілу себебі, оның үнемі құбылмалы, айналмалы және дененің материалдық һәм рухани болмыстың өзгін құрағандықтан, осылай аталса керек.

Расында, жүрек өте әлсіз, әрі өте құбылмалы. Бұл шындықты Мұхаммед пайғамбардың «Адамның жүрегі бейне бір шөлде жатқан құстың қауырсыны сияқты, жел оны кейде былай, кейде былай аударып тұрады», — деген хадисінен де кездестіреміз.

Тіл мамандары сопылық әдебиетінде кездесетін «жүрек» сөзін адам яки жануарлардың ағзасындағы қан айналу жүйесінің орталық органын яки қанды артерия жүйесіне айдайтын және оның тамырға қайтып оралуын қамтамасыз ететін медицина саласының зерттеу объектісі ретінде қарастырған.

Тасаууф тарихында бірнеше сопылар жүректі «рух» десе, Аристотель секілді философтар жүректі «нафсу-л натиқа» деп түсіндірді [3; 228]. Философтардың қолданған бұл ұғымы Құран Кәрімде «нафсу-л мутмайнна», «руху-л амир» деп келеді. Ал сопылар бұны «жүрек» деп түсіндіреді. Абу Хамид Ғазали: «Жүрек — рухани, көзге көрінбейтін, Алланың ерекше жаратқан жауһары...», — деп жүректің рухани жағын мегзеді [4; 3]. Тағы бір сөзінде: «Жүрек ол — Адамның барлық ағзаларын басқарушы рух» деп түсіндірді [5; 77]. Орта ғасырлық ғалым Әбул Қасым: «Кейбір ғалымдар бұл жүректі рухқа, енді бірі ақылға теңеді. Асылында, ол білетін, түсінетін нәзік болмыс. Ғалымдар оны түсіндіруден әлсіз» деп жүректің нәзік жаратылыс екенін тілге тиек етті.

Олай болса «жүрек» ұғымы екі нәрсеге айтылады. Бірі қан тамырлары арқылы адам ағзасындағы органдар мен тіндерге оттегі, қоректік заттарды жеткізу және олардан қажетсіз заттарды (көмірқышқылын, ақуыз қалдықтарын, т.б.) шығару қызметін атқаратын адамның кеуде қуысының сол жағына таман орналасқан бұлшықетті мүше, екіншісі барлық сезімдер мен рухани өмірдің мекені, ойланудың қайнар көзі саналған адам бойындағы рухани жүрек. Осы екі ұғым бір-бірімен тығыз байланысты. Абу Хамид Ғазали бұл жайында былай дейді: «Рухани жүректің материалды жүреппен

байланысы бар. Алайда мұны түсіну көптеген адамдарды таңырқатты. Бұл байланыс арадтың (атрибуттың) денемен, сипаттың сипатталушымен немесе бір жерде отырған адамның сол отырған мекенімен байланысы секілді ме? Жоқ әлде жолаушының кемемен немесе кеме жүргізушісінің кемемен байланысы секілді ме? Көпшілік мұның жауабын таба алмай қиналған. Бұл байланысты таба алмауының екі себебі бар. Біріншісі, мұны түсіндіру мукашафа іліміне қатысты болғандығынан. Екіншісі: бұның ақиқатын түсіндіру, рухтың ақиқатын түсіндіруді қажет етеді. Алайда Пайғамбар (с.а.с.) рух жайлы сөз қозғамағандықтан, басқалардың бұл жайында сөз айтуға құқылары жоқ» [4; 9], яғни, Абу Хамид Ғазали де екі жүректің бір-бірімен байланысы бар. Алайда оны түсінуге қарағанда түсіндіру қиын екенін айтады. Ал Әбул Қасым рухани жүректі материалдық жүректен бөлек қарастырып, тек екеуінің орналасуы жағынан бір екенін айтады. Екі жүрек бір заттың екі беті іспетті, бірінсіз бірі болмайды. Яғни жүрек рухани және материалдық болғанымен екеуі бір-бірімен өте тығыз байланысты [6].

Негізінде кеудедегі жүректің адам тәні үшін аса маңызды болғаны секілді, рухани жүректің де адам рухы үшін өте маңызды. Себебі кеудедегі жүректің нашарлауы, тәннің нашарлауына, рухани жүректің бұзылуы рухтың әлсіреуіне алып келіп соғады. Сондықтан екі жүректің міндеті бірдей десек, қателескен болмаймыз. Қызыл еттен жаралған жүрек — адам тәнінің орталығы. Рухани жүрек — адам рухының көзі іспетті. Еттен жаралған жүрек адам денесінің қан айналымын, тынысын реттесе, рухани жүрек адам бойына нұр, даналық беру арқылы рухты азықтандырады. Еттен жаралған жүрек жараланса, ауырып сыздайды, жара асқынса, өледі. Рухани жүректі нәпсі қалаулары (шәһуат, дүниеқұмарлық) науқастандырады, бұл науқас та шектен шықса, рухани жүрек те өледі [7; 46, 47]. Әбул Қасым «өлі жүрек» деп осы рухани жүректі айтқан.

Мысалы, Әбул Қасым «жүрек» тықырыбында Лұқман Хақимнің: «Жүрек төрт нәрседен өледі. Бос сөзден, надандармен жүріп-тұрудан, көп күлкіден, күмәнді нәрселерді жеуден» десе, енді бір жерінде Хақим Асаннның: «Өлі жүректің үш белгісі бар: Біріншісі: қандай да бір игі іс істесе одан ләззат алмайды. Екіншісі: қандай да бір күнә жасаса, қорқыныш сезінбейді. Үшіншісі: қандай да бір оқиға көре қалса, одан сабақ алмайды» — деген сөзін келтірген. Егер рухани жүрек өлер болса, онда материалдық жүректің онсыз босқа ғұмыр кешкені. Кейінгі өмірдің жалпы адамзат үшін де, ақыреті үшін де еш пайдасы жоқ. Әрі мұндай өмірдің жануар өмірінен еш айырмашылығы жоқ деген сөз. Әбул Қасым бұл жайында ғалымдардың мынадай сөзін келтірген: «Адамдар жүрегіне қарай үшке бөлінеді. Біріншісі жануарлар секілді. Құранда ол «Олардың түсінбейтін жүректері бар» [2; 7/179–аят] деп келеді. Екіншісі тәндері адамдікі, рухтары шайтани болғандар. Үшіншісі (қияметте) еш көлеңке жоқ кезде Алланың көлеңкесінде тұрғандар» деп өлі жүректі адамдарды хайуанға немесе ішкі жан дүниелері шайтани істерге бейімделгендіктен, шайтани рухқа теңеген. Ал үшінші Алланың разылығына, мейіріміне лайықты болғандар деп рухани жүректері тірі жандарды сипаттаған. Олай болса, Әбул Қасым рухани жүрегі тірі болғанды адам санатына қосса, рухани жүрегі өлгендерді адам деңгейінен төмендеткен. Бұл жайлы Ғазали: «Тәндегі жүрек дәрігерлерге қатысты. Ондай жүрек адамдарда болғаны секілді жануарларда да, тіпті өлілерде де бар. Бір еттің бөлшегі болып саналған бұл жүрек біз үшін аса маңызды емес», — деген [4; 9]. Олай болса, адам баласын хайуани және шайтани істерден жоғарылатып, кемел адамдық деңгейге, тіпті періштелік деңгейге — рухани жүрек жетелейді екен. Сондықтан Құран Кәрімде жүрек 132 мәрте түрлі формада кездеседі [7; 28]. Мұның барлығы Ұлы Жаратушының жүрекке ерекше назар салғандығын көрсетсе керек.

Жүрек атаулары

Рухани жүректің өзге де атаулары бар. Араб тілінде «жүрек» сөзіне балама ретінде «бір нәрсенің ортасы, мәйегі» [8; 681] деген мағынаны білдіретін «фуад» сөзі қолданылса, кейде «көкірек, кеуде» мағынасындағы «садр» сөзі қолданылады. Сол секілді жүректің сезімдік жағын, яғни «махаббат, ғашықтық» мағынасын, білдіретін «шиғаф» сөзі және жүректегі сезімнің өзгеріп, ауысуына байланысты «ауысу» мағынасындағы «қалб» сөзі қолданылады. Бұл атаулар мен олардың мағыналары жайында Әбул Қасым «Халисату ал-хақайқ» атты еңбегінде: «*Мүміннің сыр сақтау жадысы төртеу. Олар: садр, шағаф, Фуад және қалб*» [6; 270] деген. Аталмыш ұғымдар Құран Кәрімде де кездеседі, олар:

«*Садр*» — ашу мекені, Құранда «Көкірек сарайын исламға айқара ашқан» [2; 39/22-аят] деп келеді.

«*Шиғаф*» махаббат, ғашықтық мекені, Құранда «Шын ғашық болып қалыпты» [2; 12/30-аят], — деп келеді. «*Шиғаф*» деп махаббаттың жүрек түбіне жетуіне айтылады.

«*Фуад*» — көру мекені, Құранда «Оның жүрегі (көргенін) жалғанға шығармады» [2; 53/11-аят] дегенде «фуад» атауы қолданылған.

«*Қалб*» безендіру, ұнамды ету мекені Құранда «Алайда Алла сендерге иманды сүйгізіп, оны жүректерінде безендірді» [7; 49/7-аят] дегенде «қалб» сөзі қолданылғанын көреміз [3; 270].

Әрбір атауға ерекше тоқталып өтер болсақ, «садр» қазақ тілінде «кеуде» деп аударылады. Құранда жекеше және көпше түрде қырықтан астам жерде кездесетін «садр» сөзі бір нәрсенің ең алды, ең жоғарғы жақ және кеуде деген мағыналарда қолданылған. Адамның көңілсіздікке ұшырауы, рухының тарылуы немесе көңілі көтеріліп қуануы, ашылуы жүректе (қалбта) емес, осы көкіректе болады. Қысылу, көңілсіздікке ұшырау көкіректе болатындығы жайлы Құранда жиі кездеседі [қараңыз: «Хижр» сүресі, 97-аят]. Оның басты себебі де имансыздық. Сондықтан Әбул Қасым «көкірек» сөзін көбіне исламды қабылдау мен күпірлікті таңдау мәселесінде жиі қолданған. Күпірліктің қараңғылық, ал иманның нұр екенін айта отырып, Құрандағы: «Кімде кім көкірек сарайын исламға айқара ашса, ол Алланың нұрына бөленгені», деген «Зүмәр» сүресінің 22-аятын мысал еткен. Демек, көкірек иманға, исламға ашылса, Алланың нұры орнықса, рахатқа, қуанышқа бөленеді. Күпірлікке ашылса, тарлық пен қиыншылықта болады. Бұл жайында Құранда былай делінген: «Алла кімді тура жолға салғысы келсе, оның көкірегін исламға айқара ашады. Ал кімді адастырғысы келсе, оның көкірегін бейне бір көкке көтеріліп бара жатқанай қысып, көңілін тым тар етіп, құлазытып қояды» [2; 6/125-аят] деген. Бұл аяттың соңында Алла Тағала имансыз, адасқан адамның көңілі тарылып мұң басатынын айтса, иман көкірекке кеңдік, тыныштық, рахат әкеледі деген.

Хаким Тирмизи «садр» — жүректің сырты, тіпті жүректің бастауы. Әрі ол уәсуәсә, тәкаппарлық, кек, ыза және шәһәуи сезімдердің орталығы. Кейде кеңейіп, кейде тарылатын, иман нұры мен ілім сақталатын мекен деп түсіндіреді [9; 35, 36].

Расында да ыза, кек, жаман ой, қызғаныш секілді жаман сезімдердің мекені ол — кеуде. Құранда: «Адамдардың көкірегіне уәсуәсә салатын» [2; 114/5-аят] шайтанның жаман ой салатын мекенін кеуде деп көрсеткен. Әбул Қасым осы кеудеге орныққан жаман сезімдерден арылған адам ғана өзгелерге жақсылық жасай алатынын алға тартып, Махфуз ибн Махмудтың: «Адамдарға ең көп жақсылық жасайтын адам ол көкірегі таза, барша жамандықтан ада болған адам» деген сөзін дәлел келтіреді. Жақсылықты жақсы көру және оны жасау осы көкіректегі жаман пиғылдардан (ыза, кек, қызғаныш) арылу иман арқылы болмақ.

«*Шиғаф*» деп жүректің сыртқы қабатына айтылады. Әбул Қасым бұл сөзді «махаббаттың жүрек түбіне жетуі» деп түсіндіреді. Яғни, бұл жерде шиғаф деп жүректегі Аллаға деген махаббат, ғашықтық сезімдерін меңзеп отыр. Осылайша жүректегі Аллаға деген махаббат жайлы бірқатар ғалымдардың сөздерін келтіреді. Мысалы, тасаууф ғалымдары: «*Махаббат ол — жүректің Алланы қалауы және Алланың құзырындағыны қалауы*», — десе, Лұқман Хакимы: «*Махаббат ол — жақсы көрген ұлы зат үшін өмірін құрбан ету*», — деген. Енді бір ғалымдар: «*Алла, сүйген құлдарының жүректеріне махаббат қояды. Ол махаббат жүректеріндегі барлық жаман ойлар мен пасық ниеттерді жоқ етеді*», — дейді. Әбул Қасымның бұл мысалдарынан жүрек — махаббат, ғашықтық мекені. Осы махаббат пен ғашықтық Аллаға бағытталғанда ғана жүрек нұрланып, рахатқа бөленетінін түсінеміз.

«*Фуад*» сөзін Әбул Қасым: «*Фуад*» сөзі «*файда*» (ауд.: пайда) сөзінен алынған», — дейді. Ал Хаким Тирмизи (қ.б 320 h): «*Фуад ол «файда» сөзінен өрбіген. Өйткені пенде Алланы көру арқылы Аллаға деген махаббаты пайда болады. Сонымен қатар фуадымен (жүрегімен) Алланы көруден ләззат алады. Пенде үшін осы ең үлкен пайда*» [9; 54], — дейді. Сондықтан Әбул Қасым фуадты адамның көру, тамашалау мекені ретінде түсіндіреді. Жоғарыда Әбул Қасым Құранның: «Оның жүрегі (көргенін) жалғанға шығармады» деген аятындағы фуадпен (жүрекпен) көру деп айтты. Алайда әрбір фуад Алланы көре алмайды. Өйткені осы дүниеде Алланы көзбен немесе жүрекпен көру мүмкін еместігі жайлы сопылар тарапынан бір ауыздан келісім бар [10; 74]. Жалпы сопылықта Алланы көруге «руйят», «мушаһада» сөздерін қолданады. Бұл жердегі айтылып отырған көру фаудтың өзімен емес ондағы иман нұрымен, «айнал иақин» деңгейімен көруді меңзеп отыр. Өйткені Әбул Қасым «мушаһада» (тамашалау) тақырыбында мына әңгімемен түсіндірген: «*Күндердің күнінде біреу Алиден (р.а.): «Сен көргеніңе құлшылық етесің бе жоқ көрмегеніңе ме?» — деп сұрайды. Сонда Али (р.а.): «Мен көргеніме құлшылық етемін, бірақ көзбен емес жүректегі иман қуатымен» деп жауап береді. Осы тақырыпта Лұқман Хакимы: «Мушаһада дегеніміз — жүректегі иақин көзімен мақсат етілгенді көру» деген. Бұл жерде де иманның дәрежесі «айнал иақин» арқылы*

Алланы көруге болатынын айтып отыр. Әбу Сирож Туси «Жүрекпен көремін деп, шектен шыққандар» деген тақырыбында да: «Фуадпен көру — иманмен», яғни иақин ақиқатымен болатынын айтады. Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Алланы көріп тұрғандай құлшылық жаса. Сен оны көрмесең де, Ол сені көріп тұр», — деп иманын арттырып, иақин дәрежесіне жетуге шақырған [1; 446–464].

Олай болса пенде Алланы жүрегіндегі иман қуатымен «айнал иақин» дәрежесімен көргендей кәміл иманға қол жеткізеді. Әбул Қасым бұл мәселені өзінің «жүрек» деп аталатын бабында:

Арифтердің (ақиқатты таныған сопылар) жүректерінде көздер бар,

Олар өзгелердің көре алмағандарын көре алады, —

деген өлең шумағымен сөзді түйіндеген.

«Қалб» сөзін Әбул Қасым «тақаллуб», яғни, әрдайым ауысып, өзгеріп тұратын деген мағынада түсіндіріп, мынадай дәлел келтіреді: «Абдуллаһ ибн Омар Пайғамбарымыздың (с.а.с.): «Шын мәнінде адам баласының жүректері Рахманның екі саусағының арасында бір жүрек секілді. Ол қалағанынша өзгерте алады», — дегенін естіген. Әбу Убайда ибн Жарраһ Пайғамбарымыздың (с.а.с.): «Адам баласының жүрегі құстың жүрегіндей, күніне жеті мәрте өзгереді», — дегенін жеткізген. Олай болса жүрек көптеген сезімдердің орталығы болғандықтан, сезімдер жиі өзгеріп тұрады. Мұндай хәлдерді Әбул Қасымның «халисатул хақайк» еңбегінен көптеп кездестіруге болады. Әбул Қасым «жүрек» бабында «Жүрек бір қалта секілді. Егер оған иман толса, одан мейірімділік, олардың істеріне мән беру, жәрдем беру көрінеді. Егер оған нифақ (екіжүзділік) толса, одан кек, қызғаныш, жек көру, алдау, тәкәппарлық көрінеді» деген. Яғни бір жүректің бойында имандылық басым болса, мейірімділік, ал мұнапықтық басым болса, жек көрулік сезімдер пайда болады. Жүрек осы екі хәл арасында өзгеріп отырады деген сөз.

Сопы ғалымдар былай дейді: «Жүрек екі түрлі болады. Ауру жүрек, сау жүрек. Ауру жүрек — дұшпанның жүрегі. Құранда «олардың жүректерінде ауру бар» деп келеді. Сау жүрек Алланың сүйген пендесінде болады. Ол жайлы Құранда: «Раббысына аман-сау жүрекпен келгенде» деген. Олай болса, жүрек науқастық пен саулық, дұшпандық пен достық арасында өзгеріп тұрады.

«Тәфаккур» (терең ой) тақырыбында Лұкман Хақим: «Тәфаккур жасау жүректі нұрландырады. Тәфаккур арқылы жақсыны да жаманды да, пайданы да зиянды да көреді. Тәфаккуры жоқ жүрек қараңғылықта тұншыққан жүрекпен тең» десе, енді бір жерінде: «тәфаккур — ғапылдық пен надандыққа қарсы қорған» деп жүрек жаратылысқа ой салу, тәфаккур жасау арқылы нұрға бөленсе, ойланбау, ғапылдыққа салыну арқылы қараңғылыққа булығыады. Осылайша екі хәлдің арасында өзгеріп отырады.

Әбул Қасым «дүние» тақырыбында былай дейді: «Алла тағала Мұсаға былай деп аян берді: «Жүрегінде дүние құмарлық болмағанда ғана менің махаббатым жүрегіңе орнығады» деген. Осылайша жүрек дүниені яки Алланы жақсы көру арасында өзгеріп отырады.

Қорыта келгенде кеудеге қарағанда жүрек маңызды орын алады. Кеуде оның қорғаны іспетті. Ал «фуад» жүректің өзегі болғандықтан, Алланы таныту, білдіру және көру мекені қызметін атқарады. «Шағаф» — жүректің жалпы махаббат, ғашықтық сезімдерінің орталығы. Олай болса, жүректің өзі бірнеше қызметті атқаратын рухани жаратылыс. Оны тек бір қырынан ғана тану жеткіліксіз.

Жүректің танымдық қасиеті

Жүрек — қан мен жанды, иман мен ақылды тоғыстырады, ақылдың қателігін дұрыстайды. Ақыл шегіне жеткенде жүрек ақылдың орнын басып, шексіздікке жалғасады. Мәулана Жалаладдин Руми секілді көптеген сопылар Жәбірейіл періштені «ақлул әууәл» (алғашқы ақыл) деп атаған. Жәбірейіл періште миғраж оқиғасында рухани әлемнің бір деңгейіне жеткен кезде «Бұдан ары мен бара алмаймын» деген болатын. Ал жүрек көзі тереңге бойлаған Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) жалғыз өзі одан ары қарай жолын жалғастырып, Алланың құзырына көтерілді. Рухани жүрек кейде бес сезім мүшесі арқылы осы әлемге қатысты мәліметтерді білсе, кейде сезімді қажет етпестен мәләкут әлеміне бойлай жөнеледі. Бұған дәлел ретінде Әбул Қасым Пайғамбарымыздың (с.а.с.): «Егер шайтандар адам баласының жүрегіне бөгет жасамағанда, олар жүректерімен мәләкут әлеміне зер сала алатын еді» деген сөзін келтіреді. Әбул Қасымның бұл хадисті таңдауының себебі де Ғазалидан әсерленуінен болса керек. Өйткені Абу Хамид Ғазали да жүректің білім алуына шайтанның азғыруы бөгет болады, оны жою үшін Алланы зікір ету керектігін алға тартып: «Жүректің перделері ашылса адам, тағдыр кітапшасындағы мәліметтерді біледі» деп айтқан [2; 33, 34]. Еуропалық ғалым Паскаль жүрек функциясының шексіздігін мойындап: «Жүрек, геометрикалық нәрселерді түсінумен

қоса, шексіздікті түсіне алатын қабілеттің атауы» [12; 268] деген болатын. Адамның ақылы бес сезім ағзаларымен қабылдаған мәліметтерді түсінеді. Ал жүрек — физикалық заттардың артындағы шексіз метафизикалық мәселелерді білетін қабілеттің орталығы. Жүрек, ақыл мен бес сезім ағзаларының аса алмаған белестерінен асып иманды, мағрифатты, өз бойына қабылдайды [13; 232]. Әбул Қасым: «Жүрек — ол нақышталған тақтай. Нақыштары — ақыл, мағрифат, иман, иақин», — деген. Олай болса, жүрек – басшы, ақыл, мағрифат, иман және иақин ақиқаттары жүректі безендіруші сипаттар. Алайда адам баласына белгілі бір деңгейге жетелейтін ақылды, жүректен жоғары санайтындар жиі кездеседі. Олар ақылға аса мән беріп рационализм шырмауынан шыға алмағандар. Ислам философиясында адам санасының таным мәселесінде жаңылысудан арылып, күмәнсіздік, нақтылық хәліне жетуін «йақин», яғни, айқын таным дейді. Айқын танымда күмәндануға орын жоқ. Йақин немесе айқын таным — ойлау, теориялар, идея арқылы жасалған ғылымға қарама-қайшы, өйткені айқын танымда күмән, күдік болмайды. Ал теориялық, идеялық ойлау жүйелері ешқашан күдіктен арылған емес. Ал айқын танымда күмән, кемшілік жоқ. Сондықтан бүгінгі философияда «айқын таным» деп, сананың моральдық тіршілікте әр түрлі күмәнданудан ада болуды айтады. Бірақ бұл айқын таным дәлел арқылы емес, жүректегі иман нұры (куаты) арқылы игерілетін таным. Бұл жайлы С.Нұрмұратов бір сөзінде: «...ақыл — көбінесе күмәнданумен болады, ол «адамға тиімді-тиімсіз, пайдалы-пайдасыз» деген бағалау жүйесін ұсынады. Ақыл сенуді білмейді. Ақыл салыстырады, сараптайды, өлшейді, сыртқы құрылысын анықтайды, бірақ мәнге жете алмайды. Сондықтан сопылық дәстүр бойынша өмірде адамды қателестірмейтін негізгі күш жүректен шыққан сенім» [14; 96] деген болатын. Сол секілді Паскаль: «Дінде тек ақылды қолдану жеткіліксіз...» [15; 86, 87] десе, атақты жазушы Толстой: «...Барлық нәрсені жүрек арқылы үйрендім» дейді [16; 54]. Бұл айтылғандардан түсінетініміз жүректегі мәліметтің нақты болатындығы әрі жүрек негізгі илһәм көзі саналуында. Адамның иманды болуы да осы жүрегіндегі сеніміне байланысты. Иман концептісі — ең баста жүректе қалыптасатын әрі онда орнығып сезілетін нәрсе. Матуриди ақидасын ұстанушы Әбул Қасым иманға анықтама бергенде: «Иман — жүреппен растап, тілмен айту», — деп, иманның мекенін жүрек деп құптаған. Сондықтан имандағы ең басты нәрсе — жүректің мақұлдауы. Ислам тасаууында: Өлі жүрек, науқас жүрек, ғапыл жүрек, зікір етуші жүрек және ояу жүрек деп жүректегі сенімге қарай жүректің бес түрін атап көрсетеді. Өлі жүрек деп — Аллаға сенбеген, науқас жүрек деп — сенімінде күмәні бар, ғапыл жүрек деп — Аллаға сенсе де, кейде сенгендігін ұмытатын, зікір етуші жүрек деп — Алланы еске алушы жүректі, ояу жүрек деп — Аллаға толық иман келтірген жүректі айтады. Бұл айтылғандардан байқайтынымыз, танымға, иманға, сенімге байланысты жүрек атауларының өзгеретіндігі. Алланы мойындап, толық қабылдаған жүректі ояу жүрек деп атаған. Әбу әл-Қасым: «Барлық ақылы жоқ жүрек — өлі жүрек. Ол жүректер жануарлардың жүректеріндей», — деп, ақыл жүгіртпеуді өлі жүрекке, тіпті, ақылсыз хайуанның жүрегіне теңеген. Олай болса, иман — ақылға, ақыл иесіне тән ұғым. Өйткені жүрекке иманды қоятын арадағы дәнекер ол ақыл. Алланың бар һәм бір екендігін, бүкіл әлемнің жаратылуындағы сыр ақыл арқылы танылады. Сондықтан ойланбайтын, зер салмайтын, жаратылыстың мақсатын түсінуге тырыспайтын ақылсыз жүректі пайдасыз санаған. Мысалы, «Хаж» сүресінің 46-аятында: «...Олардың ақыл жүгіртпейтін жүректері бар...» деп, жүректі — «ойланбайтын ақыл» сипатында түсіндірсе, «Қаф» сүресінің 37-аятында: «Расында бұл үгіт-насихат, жүрегі барға пайда береді» делінеді. Осы аяттағы «жүрек» сөзінің мағынасын көптеген тәпсірші ғалымдар «ақыл» деп түсіндірген. Құран Кәрімде «жүрек» сөзі 132 рет қайталанғанымен, барлығы дерлік ақыл мағынасында қолданылған. Сондықтан Әбул Қасым: «жүрек» тақырыбында: «Жүрек — ол ақыл» деп жүректің ақылмен байланысын айтса [17; 241], енді бір жерінде «Ақыл — жүрекке қойылған нұр, жүрек осы нұр арқылы жаратылыстың ақиқатын түсінуге қабілетті болады»; «...жүрек ғайып нәрселерді арадағы дәнекермен, материалдық заттарды көру арқылы біледі...» [6; 270] деп жүрек пен ақылдың тығыз байланысын түсіндірген. Ал орыс ғалымы Александр Клизовский (1847–1942) болса, жүрек пен ақылдың бір-біріне мұқтаждығын түсіндіріп: «Жүрек нұрымен нұрланбаған ақыл, ақылмен сүйемелденбеген жүрек — жек көрінішті халде. Барлық нәрседе тепе-теңдік болуы керек. Теңдік және адам бойындағы барлық қабілеттер мен сезімдердің үйлесімді болуы өркениеттің негізгі мақсаты болып табылады. Заманымыздағы күйзеліс пен қайғылы жағдайдың болуы да осы ақыл мен жүректің бірікпеуінен», — деген [18; 71].

Олай болса, Алланың бар екенін түсіну ақылдың міндеті, алайда оны қабылдау-қабылдамау жүректің міндеті. Иmandылық та, күпірлік те жүректен орын алмақ. Жүрек — рухани сырлардың қайнар көзі. Жүрек ақылдың шеңберінен асып, метафизикалық әлемге бойлайтын адам бойындағы ерекше қасиет.

Жүректің сипаттары

Әбул Қасым жүректе төрт сипат болатындығын айтады. Оларды Луқман Хақимнің мына сөзімен түсіндіреді. «Жүрекке мына төрт сипат жиналған. Олар: жыртқыш аңның сипаты, жануардың сипаты, шайтани сипат, Раббани сипат. Жыртқыштың сипаты: ашу, жауластық, біреуді азаптау, мүлкін тартып алу, зұлымдық көрсету. Хайуандық сипат: шәһуат, қомағайлық және т.б. Шайтани сипат: қулық, айла, азғыру, жалған сөйлеу, біреуге зиянын тигізу. Раббани сипат: мейірімділік, қайырымдылық, жұмсақтық, жақсылық және игі іс». Қай сипат басым түссе, адам сол сипатқа ие болады. Жүректің осы төрт сипатын бейнелеп түсіндіруге тырысқан Абу Хамид Ғазали «Ихия» еңбегінде былай дейді: «Адамның жүрегінде Раббани, шайтани, жыртқыштық, хайуандық сипаттар бар. Бұлар адамның сыртқы терісі секілді. Шошқа, ит, шайтан, данагөй болып түрленіп көрінеді. Шошқа — шәһуаттың белгісі; Ит — жыртқыштықтың, ашудың белгісі; Шайтан — шошқаның шәһуатын, иттің ашуын қоздырушы; ал Данагөй — ақыл, яғни ол шайтанның айла-қулығын тоқтатушы» [19; 1357]. Егер жүрек хайуандық, шайтани сипаттардан арылса, адамның шынайы ниетіне қарай, бойына Раббани сипат қалыптасады.

Жүрек неден қатты әсерленсе, соған қарай бейімделеді. Және сол үшін барлық сезімін қолданады. Кейде сезім ақылға басым түсіп, оны ақылмен тоқтату мүмкін болмай жатады. Өйткені ниет пен қалаудың мекені болған жүрек адам ағзасының, бүкіл денесін басқарады. Әбул Қасым: «*Жүрек үш нәрсеге байланады. Дүниеге байланады, ақыретке байланады, Аллаға байланады*», — дей келе, бұл сөзін Сәһл ибн Абдуллаһтың: «*Алла ниеттің құбыласы, ниет жүректің құбыласы, жүрек дененің құбыласы, дене ағзалардың құбыласы, ағзалар дүниенің құбыласы*» деген сөзімен толықтырады. Бұл сөздерден адам баласының жүрегі ниетіне қарай өзгеріп отырады. Егер пенденің ниеті дүние болса, жүрек дүниеге байланады. Ал ниеті ақырет болса, жүрек ақыретке байланады. Осы аталмыш жүрекке жеке-жеке тоқталайық.

Дүниеге байланған жүрек

Дүниеге байланған жүрек түрлі сезімдерден айырылып, қаталдыққа, қатыгездікке бой алдырып кететіндіктен, оны өлі жүрек санаған. Бұл жүрек дүниені ақыреттен де, Алладан да артық жақсы көретін болады. Бұл жайында Әбул Қасым ғалымдардың мынадай сөздерін келтірген: «*Жүректің өлімінен сақ болыңдар*» дегенде біреулер «*жүрек неден өледі?*» деп сұрайды. Сонда: «*дүниеге тоймастықтан*», «*дүниеге тоймастық жүректі бауыздайтын қанжар іспетті*» деп айтылған», — дейді. Дүние, байлық адамды алдап арбайтын қызыл түлкі іспетті. Оны қанша қусаң да жеткізбейді. Осылайша ақырет өмірі мен Алланы ұмыттырады. Оны емдеудің шарасы ретінде Әбул Қасым мынаны ұсынады: «*Жүректі дұрыстаудың жолы: ашығу, түнде тұрып намаз оқу, азанда жалбарынып Алладан дұға тілеу*» десе, басқа жерде жүректі өлтіретін ғапылдық екенін атап өтеді. *Ойлану, тәфаккур* жасау осы ғапылдықтан құтылудың жолы деп Луқман Хақимның: «*Тәфаккур ол жүректің шамшырағы, онымен жүрек жақсыны да жаманды да, пайданы да зиянды да көреді. Барлық ойланбайтын жүрек, қараңғылық шырмауында*», — деген сөзін келтірген. Өйткені жүрек ойланумен, ақыл жүгіртумен, Алланың жаратылысы жайлы тәфаккур жасаумен нұрланады. Олай болса, жүрек дүниенің шырмауынан ойлану, тәфаккур жасау, ақыл жүгірту, түнде тұрып намаз оқу, ораза тұту арқылы болмақ.

Ақыретке байланған жүрек

Бұл жүректі жақсы әрі сау жүрек деп санайды. Алдыңғы жүрекке қарағанда, жұмсақтық пен мейірімділік басым. Ақырет азығы саналған құлшылықтарға мән береді. Бұл жүрек туралы Әбул Қасым былай дейді: «*Мына тоғыз сипат жүректі жібітеді: Құран оқу, түнгі намаз, жетімнің басынан сипау, науқасты зиярат ету, жаназаға еру, қабірлерді зиярат ету, қайтыс болғандарды еске алу, ақыретті жиі еске алатындармен бірге отыру, кедейлермен сәлемдесу*». Олай болса, бұл амалдар ақыретін ойлаған адам үшін жасалуы керек болған ғибадаттар.

Аллаға байланған жүрек

Аллаға құштар болған жүрек. Әбул Қасым «шауқ» тақырыбында Рабианың мына сөзін келтіреді: «Аллаға ант етейін, мен тозақтан қорыққандықтан яки жәннатты қалағандықтан, құлшылық етпеймін. Мен Аллаға деген махаббат, құштарлығым үшін құлшылық етемін», — дейді. Мұнда тек Алламен бір болуға құштар болған жүрек туралы айтылады.

Олай болса, жүрек түрлі сипатта болады. Жүрек хайуандық, жыртқыштық, шайтани сипаттарда болу арқылы өлі жүрекке айналады. Ал Аллаға, ақыретке байлану арқылы жанды, тірі жүрекке айналады. Ал тірі жүректің азығы — намаз, ораза және тәфаккур.

Сөз соңында жүрек — Алланың ерекше жаратқан жаратылысы. Оны түсінудің немесе түсіндірудің шегі жоқ. Өйткені жүрек шексіз. Жүрек тазалықты қажет етеді. Ол кейде шайтани азғыруларға ұшырайтын «судур» болса, кейде жақсыдан жаманға, иманнан күпірлікке ауысатын «қалб» болады. Тақуалықпен тазарып, иман күші нығайса, Алланың дидарын көретіндей «фуадқа» айналып, Аллаға деген ғашықтық пен махабат осы жүректе орын алады.

Олай болса, түпкі жаратылысы кемел болған адам баласы және оның кеудесіндегі жүрегі барынша азғындық сезімдерден арылып, аталмыш кемел сипаттарға ие болып, жаратылысына сай ғұмыр кешуі үшін — жүректі таза қалпында сақтап оған ерекше мән беру керек. Себебі адамды адам қалпында сақтайтын — жүрек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Мутчалы С.* ал-Муғжам Ал-Арабиал-хадис. — Стамбул: Дағыржық, 1995. — 1023 б.
- 2 Құран Кәрім қазақша түсіндірмелі аударма. — Медине, 1991. — 604 б.
- 3 *Журжани Ш.А.* Китаб ат-Тарифат. — Бейрут: Мактабагу Любнан, 1995. — 228 б.
- 4 *Ғазали Абу Хамид.* Ихия улум ад-дин. — Бейрут: Дарул маариф, 1990. — III-т. — 1020 б.
- 5 *Ғазали Абу Хамид.* Маарижул-Қудус фи мадариж марифа ан-нафс. — Бейрут: Дарул афақ джадид, 1975. — 207 б.
- 6 *Ал-Фараби (ал-Фариabi) Абул Қасым Махмуд ибн Ахмад.* Халисат ал-хақайк лима фиһи мин асалиби ад-дақайк. Сулеймание кітапханасы. — № 276. — Стамбул. — 406 б.
- 7 *Фрагер Р.* Kalp nafs ve ruh / Түрік тіліне ауд.: Ибрахим Капаклыкая. — Стамбул: Геленек, 2011. — 237 б.
- 8 *Ар-Рағыб ал-Исфакхани.* Муфрадату ал-фаз ал-Куран. — Дамаск: Карул калам, 1996. — 1015 б.
- 9 *Хаким Тирмизи.* Баян ал-фарк байнас-Садри уал-қалби уал-фуади уал-лубби. — Иордания: Ал-фикр ислами, 2009. — 232 б.
- 10 *Калабази Абу Бақр Мұхаммад ибн Исхақ.* Dogus devrinde tasavvuf taarruf /Түрік тіліне ауд. Сулеймен Улудағ. — Стамбул: Dergah yayinlari, 2013. — 296 б.
- 11 *Абу Наср Абдуллаһ ибн Али Сарраж ат-Туси.* Ал-Лума Аммар Заки ал-Баруди. — Каир: Мактаба тауфикия, 1986. — 646 б.
- 12 *Мустафа Өздамар.* Тасаууфта темел каврамлар узеріне гөніл риваеті. — Стамбул: Кырк кандил, 2012. — 496 б.
- 13 *Diyanet İslam Ansiklopedisi / Uludag S.* — XXIV vol. — Стамбул: Kalb, 2000. — 299 б.
